**Gulchekhra SIDIKOVA**, teacher, Karaganda Economic University of Kazpotrebsoyuz, The Republic of Kazakhstan, 100009, Karaganda, Akademicheskaya street, 9, siddik84@mail.ru, +77004800950.

### TEACHING PROFESSIONALLY ORIENTED FOREIGN LANGUAGE

This article is devoted to definitions of concepts "professionally oriented teaching of a foreign language", "professional foreign language competencies" and the main methods of teaching a foreign language for future specialists

**Key words:** language skills, authentic text, specialized, original version, professionally oriented teaching

Қазіргі күнде қандай мамандық болмасын көптеген мамандықтар мәселен, халықаралық байланыстар, компьютерлік желілер немесе журналистика салалары т.б., мамандықтарға кәсіби деңгейін дамытуына, шетелдік қарым-қатынас үлкен мүмкіндік береді. Кез-келген маман, шет тілін толық меңгеруімен ұлан ғайыр жетістіктерге қол жеткізу әбден мүмкін. Сондықтан шет тілін толық меңгерген маман қажеттілігі артуда. Шетел тілдерін оқыту технологиясы қарқынды дамып келеді. Көптеген студенттер жоғарғы оқу орындарында негізгі мамандықтарын дамытуларымен қатар, шетел тілі білімін жетілдірулері аса маңызды. Сонымен табысты кәсіби маман иесі болуы үшін шет тілін меңгеруі негізгі шарт болып табылады.

Білім беру мақсаттарында шет тілін меңгеру қоғамның әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық және жалпы мәдени тұрғысынан ұтымды факторы болып табылады.

Соңғы жылдары студенттердің оқу талаптарының өсуімен, осыған орай шет тілін оқытуда кәсіби бағдар принципі ерекше мәнге ие.

Педагогикалық зерттеулер жүргізу барысында ағылшын тілін оқытуда инновациялық процестердің ролі зор екенін көрсетті. Дәстүрлі кәсіби-бағытталған ағылшын тілі негізінен оқу, түсіну, мамандандырылған мәтіндерді аудару және

грамматикалық ерекшеліктерін үйренуге бағытталған. Алайда, қазіргі уақытта шет тілін оқытуда ауызша қарым-қатынас қабілетін дамытуға аса назар аударылып отыр. Ауызекі тіл - тыңдау, оқу, түсіну, естіген немесе оқылған ауызша (диалог немесе монолог) және жазбаша түрде айту, қайталауды қамтиды.

Неміс әдіскерлері шет тілін оқыту кезінде төмендегі мәселелерді көрсетті:

- жобалық жұмыс практикалық болып, кәсіби бағытталып, студенттердің қызығушылығын ояту тиіс. Теория мен практика арасын байланыс болуы қажет.

- жобалық жұмыстың нақты мақсаты көрінуі тиіс. Шет тілін оқыту сабағында шет тілі коммуникативтік түрде, ауызша немесе жазбаша қолдануы қажет.

- жобамен жұмыс студенттердің өзіндік іс-әрекетін дамытады.

- оқу процесінің әлеуметтік бағыттылығы. Қойылған мақсатқа жету үшін студенттер бірлесе отырып жұмыс істеуі қажет. Бұл өзара сыйластық, әдептілік, өз ойын айта білу және сын қабылдай алуын қйы мәселелерді шеше алуларын дамытады.

Қазақстандық жоғары оқу орындарының жоғарғы деңгейлі немесе білімнің көпсатылы құрылымына жәймен ауысуы шет тілдері кафедрасының алдына жаңа міндеттерді қояды. Сол

міндеттердің бірі - кәсіби бағытталған шет тілін оқыту. Еліміздің жоғары оқу орындарында кәсіби мақсатқа негізделген шет тілін оқыту үшінші немесе төртінші семестрде "Шет тілі (жалпы тілдік дайындық)" курсынан өткеннен кейін "Кәсіби-бағытталған "шетел тілі" (КБШТ) пәні оқытылады. Бұл пән 2 кредитті (90 сағат) қамтыйды [1].

Кәсіби бағытталған ағылшын тілін оқыту 1960 жылдары ғылыми пән ретінде шетелде бастау алды. Қазіргі уақытта, кәсіби-бағытталған ағылшын тілі оқыту білім беру қызметтерінің басты мәселесі болып отыр. Кәсіби-бағытталған шет тілін оқыту өз кезегінде, болашақ маманның шетел тілін үйренуі келешектегі қажеттіліктеріне негізделген білімді үйретуді талап етеді.

Кәсіби-бағытталған шет тілін оқыту - дегеніміз студенттерге шет тілін өз мамандықтарына қатысты тақырыптармен байланыстыра отырып үйретіп, шет тілінде сөйлеу қатынастарын, сөйлеу контекстерде грамматикалық, лексикалық және құрылымдықты қолданып оқыту. Яғни, кәсіби бағытталған шет тілін оқытуда білім беру мазмұнын мұқият іріктеу талап етіледі. Оқу материалдары оларға кәсіби өсу мүмкіндігін беруге қатысты тақырыптармен бағытталуы қажет.

Кәсіби-бағытталған шет тілін оқытудың басты мәні - студенттің кәсіби дамуының өркендеуі мен қосымша кәсіби білім алу жолында, шет тілі мен мамандыққа қатысты арнайы пәндердің ортақ болуында. Осы орайда шет тілін білу - студенттердің жеке басының кәсіби дамуы мен олардың кәсіби шеберлігін жақсарту мақсатында қарастырылады. Сондай-ақ, студенттердің шет тілін жетік меңгеруі - жоғары оқу орны түлегінің болашақта кәсіби маман ретінде шетелдік серіктесімен іскерлік қарым-қатынастарын жүзеге асыра алатын, кәсіби білікті маман иесіне қойылатын негізгі талабы да осы.

Кәсіби бағытталған шет тілін оқытудағы басты мақсат - түпнұсқада берілген ғылыми-техникалық мәтінді дұрыс оқу дағдысын қалыптастыруды, мәтінге талдау жасау ептілігін толыққанды түсініп, ақпаратты бір жүйеге келтіруді, сонымен қатар мамандығына сай келетін әдебиетті екі жақты дұрыс аудару білуі, мәтінге аңдатпа мен оның қысқаша мазмұнын жаза алу қабілетін қалыптастыру.

Экономикалық жоғарғы оқу - орындарында тұлғаның тілдік қабілеті даму жағдайында үш сатылы модульді қалыптастыру моделі қажет.

Бұл модельді Кәсіби-бағытталған оқу материалдарын қолдану арқылы құру қажет.

Бұл үш сатылы моделі қалыптастыру мыналарды қамтиды:

1. Жалпы шет тілін үйрету (Pre-Intermediate level);
2. кәсіби-бағытталған шет тілін оқыту 2-курс (Intermediate level - Language for Specific Purposes);
3. мамандандырылған кәсіби- бағдарланған дайындау курсы 3-4 курстарда (Upper-Intermediate және Advanced levels - Language for Academic Purposes)

Кәсіби-бағытталған ағылшын тілін оқыту процесінде мынадай сұрақ туындайды: "Бірінші кезекте неге үйрету қажет яғни кәсіби лексика,

грамматика немесе іскерліктерін монологтық және диалогтік сөйлеуге?". Арнайы терминдер мен грамматика негіздерін білу студенттерге еркін сөйлеу қарым- қатынасына мүмкіндік бемейді. Үйретудің негізгі элементтері:

1. Ұйымдастыру және тақырыпты орнату
2. Тексеру тереңдігі мен беріктігі білім
- 3 Жаңа тақырыпты меңгеруде оқытушы мен студент арасындағы өзара іс-қимыл, қарым - қатынасы
4. Бекіту өткен материалды және жаттығулар
5. Диагностика беріктік білімді меңгеру, қалыптастыру дағдылары
6. Нұсқау бойынша орындау үй немесе өзіндік жұмыс

Жоғарыдағылардың негізінде өзекті сабақ бірнеше типтерге бөлінеді

1. Сабақта жаңа материалды зерделеу (лекция, теориялық зерттеу, кино-сабақ)
2. Сабақта білімді жетілдіру (практикалық тапсырмалар, шығармалар, жаттығулар орындау, іскерлік ойын)
3. Сабақты қорыту және жүйелеу білімі (пікірталас, конференция, семинар, іскерлік ойын)
4. Аралас сабақ (үйлесімі әр түрлі сабақ түрлерін кең ауқымын тапсырма)
5. Бақылау жұмысы (тест, ауызша сұрау, жазбаша жұмыс, сынақ, викторина)

Сондай-ақ, сөйлеу қызметінің нысандарын дамыту. Диалогтық сөйлеу дағдыларын меңгерту әр түрлі тақырыптар бойынша әңгіме құрау қабілетін арттыру. монолог презентация жасап, мамандыққа қатысты тақырыптарды талқылап өз пікірін білдіруі.

Шет тілінде берілген техникалық ақпаратты іздеп, тауып оны жеткізе білу мен өңдеу де, кәсіби қызметін тиімді атқаруға қажетті негізгі коммуникативті ептілік пен қабілетті одан әрі дамыту да осы курстың міндеті болып табылады.

Шет тілін оқытуда студент оқудың төменде көрсетілген түрлерін білуі тиіс:

- 1) толық ақпарат алу және мазмұнын ана тіліне жазбаша аудару арқылы жеткізу мақсатында мамандыққа сәйкес мәтінді зерттей отырып оқу;
- 2) таныса отырып оқу - жалпы автордың дәлел келтіру бағыты мен тақырыптың дамуын қадағалап негізгі ақпараттың 70%-ын түсіну ептілігімен суреттеледі;
- 3) жалпы мәтіннің мазмұнымен танысу мақсатында және іріктеп алынған мәлімет негізінде қарастырылып отырылған мәселеге орай, мәтінді сипаттау ептілігі -мәтінді (қарап шығу) көз жүгірте оқуға жатады;
- 4) жан-жақты іздене отырып оқу - белгілі бір мәліметті басқа ақпарат көздерінен іздеуді талап ететін оқу түрі.

Сондай-ақ, студентке қойылатын негізгі талаптар :

- автордың көзқарасын, ойын толықтай түсініп, сол тақырыпта өз ойын ашып айта алуы;
- автордың ұсынып отырған шешімінің тиімді яки тиімсіз екендігі жөнінде қорытынды шығара білуі;
- сол тақырыпқа қатысты алынған басқада деректерді бір-бірімен салыстыруы ;



- басқа жағдайда дәл осындай тапсырманы орындауда әртүрлі деректерден алынған ақпарат негізінде қорытынды жасай алуы.

Тілді тиімді пайдаланып, сөйлесуде тілдің әр түрлі бөлімдерің (грамматикалық, лексика және т.б.) білулерімен қатар олардың мағынасы мен функционалды қолдану яғни сөйлеу қарым-қатынасында қандай жағдайларда дұрыс қолдануы аса қажет. Грамматикалық білімі сөйлемдердің мағынасын бұзбай жазбаша және ауызша кәсіби сөйлеу қарым-қатынасында қамтамасыз етеді. Шет тілін лингвистикалық емес ұйымдарда оқытудың негізгі міндеттерінің бірі - шет тілін түсінуді үйрету. Кәсіби бағытталған шет тілін оқытуда мәтіндерді оқуды үйретуде негізінен студенттер мамандығы бойынша мәтіндерді тақырыптық бағдарламамен, сондай-ақ студенттердің өз мамандығын оқып-үйрену барысында алынған ақпараттарды пайдалану саласының кеңіректерімен сипатталады. Мәтінді оқып үйрену тек шет тілінде сөйлеуге ғана емес, ең бастысы, онда қамтылған ойларды, идеяларды, фактілерді т.б., яғни, түсіну, бағалау, және алған ақпараттарды пайдалану. Табысты нәтиже алу үшін студенттерге сөздік қорын жүйелі түрде толықтыруға, уақытша формалар мен олардың мәндерін қалыптастыру ережелерін түсінуге, мамандық бойынша сөздіктерді, мәтіндерді аударуды және сөздікті еркін меңгеру дағдысын дамытуды үйрету қажет.

Кәсіби бағытталған шет тілін оқытуда аутентті мәтіндердің яғни түп нұсқада берілген әдебиеттердің алар орны орасан зор.

Аутенттілік өз негізін 1970 жылдары пайда болған тілді коммуникативті оқыту бағдарламасының шығуынан бастау алған. Аутенттілік грек тілінен аударғанда "негізгі", "түпкі" деген мағынаны білдіреді. Аутентті материал дегеніміз, longman сөздігіне сүйенсек, табиғи сөйлеу мен жазылым әрекеттерінің дәрежесінде қарастырылған тілдік материалдар [3]. Аутентті мәтін - нағыз түпкі негізде сол тіл өкілі тарапынан жазылған мәтін. Ал, Крамштың пайымдауынша "аутенттік мәтіндер дегеніміз педагогикалық салада емес, табиғи күйінде, күнделікті қарым қатынаста қолданылатын мәтіндер"[4]. Г.Видоусон, Д.Нунан сияқты белгілі лингвистердің деректеріне сүйенсек, аутентті материал дегеніміз- шетел тілін үйренушілерге емес, сол тілде сөйлейтіндерге арналған, яғни материалды қолданушылардың өзара қатынасы және қолдану жағдайларында туындайтын тілдік материал. Сөйлемдердің бұл түрлері, әсіресе, газет мақалаларның тақырыптарында көптеп кездеседі. Морроудың айтуы бойынша, "аутенттік мәтін - нағыз тілдік, нақты динамикті әсер ететін, белгілі бір аудиторияға нақты мәлімет беру үшін нағыз спикер немесе жазушы тарапынан түпкі негізде жазылған мәтін.

Аутентті газет мәтіндерін ағылшын тілін үйретуде қолданудың маңызды жақтары на тоқталар болсақ:

- студенттер оқып жатқан тілде сөйлеушілердің өмірдегі, қолданыстағы сөйлеу әрекеттерімен танысады;

- аутентті материалдар студенттердің тіл үйренудегі қол жеткізген жетістіктерін бағалауларына

мүмкіндік береді. Мысалы: Англияда өткізетін 4 күндік саяхат кітапшасына жоспарларын толтыру;

- аутентті материалдар түрлі мәтіндерде қамтитындықтан ондағы тілдік стиль де түрлі болады;

- аутентті материалдар сол тілде сөйлеушілердің мәдениеті мен ерекшеліктері туралы мәлімет береді, ол өз кезегінде студенттердің тіл үйренуіне деген қызығушылығын арттырады.

Егер аутентті материалдарды қолдануды лексикалық жағынан оқытатын болсақ, онда сөздердің түпкі негізгі мағынасын ашып, оның қолданылу заңдылығын түсіну мүмкіндігіне ие бола аламыз дейді Уиллис. Уиллистің пікірінше аутентті мәтіндерді ағылшынын тілін үйренуде қолдану өте маңызды, себебі оқушылардың сөздік қоры тек сабақта мұғалім үйреткен сөздермен ғана байытпа да алмайсын[4].

Кәсіби-бағытталған шет тілін оқытуда Экономика және басқада факультет студенттеріне біз жиі Market Leader (нарық лидері) сияқты пән бойынша арналған кітаптар (деңгейі Pre-Intermediate, Intermediate, Upper-Intermediate) мен оқулықтар пайдаланамыз.

Әдістемелік ?діс (case study) немесе кейс-стадий кәсіби-бағытталған шет тілін оқытуда үлкен рөл атқаратынын ғалымдар әлдеқашан дәлелдеді. Зерттеушілер осы әдіс арқылы талқылауларын қарастырып көрейік.

Кейс-стадий технологиясы ХХ ғасырдың басында АҚШ-тың Гарвард университетінің бизнес-мектебінде енгізілді. Кейс-технологиялардың негізгі ерекшеліктері: Кейс әдісі нақты жағдайлар тұрғысынан практикалық жағдайларды зерттеу; болған жағдайларды баяндау; оқушылар проблемамен танысып, оны шешудің жолдарын іздейді.

Кейс әдісі біздің елге ХХ ғасырдың 90-жылдарында тек жалпы пәндер мазмұнының жылдам жаңаруы барысында оқытудың интерактивті әдістерін пайдалану кезінде ғана жетті. Аталмыш әдістің таралуы жолындағы Отандық (Ресейлік) Кейсолог мамандардың - теоретиктер мен практиктердің арасынан Багиев Г. Конищенко Г., Наумов В., Сидоренко А., Сурмин Ю., Шеремет П. атап өтуге болады. Олардың "кейсология" үшін сіңірген еңбектері тым орасан болатын.

Case study - бұл білім беру проблемаларын шешу үшін пайдаланылатын нақты оқыту әдістемесі болып табылады. Жоғарыда аталған Harvard Business School-дың кейстік әдісі оқушылар мен оқытушылардың белсенді іскерлік жағдайларда немесе түрлі мәселелерді тікелей талқылауға қатысатын оқыту әдістемесі ретінде анықталды. Бұл әдістің мәнін түсінуде сыни талдау жасап, нақты жағдаяттардың шешімін іздеу ғажап емес. Case study - бұл жағдайлар сипаттамасы немесе тәжірибені қажет ететін, белгілі бір мәселені қамтитын әдіс түрі. Ол нақты өмірдің аудиториялық бөлігінде енгізіп, әрі оқыту құралы болып табылады [5, 85].

Кейс стади әдісінің идеялары:

- әдіс қойылған сұрақтардың бірнеше жауаптары бар болуы мүмкін болатын пәндерден білім алуға арналған;

- үйрету объектілерінің бірлесе шығармашылықпен айналысу дағдыларын қалыптастыруға негізделеді;

- әдісті қолданудың нәтижесі болып алған білімдері мен жұмыс жасау барысында қалыптасқан дағдылары есептелінеді.

Кейс-технологияларға жататын әдістер:

- жағдайды талдау әдісі;
- инцидент әдісі;
- рольдік ойындар әдісі;
- іс хабарды талдау әдісі;
- ойындық жоба;
- дискуссия әдісі

Бұл оқу әдісі оқытудың белгілі бір бөлімінде студенттердің бірлескен талдауға, талқылауға немесе шешімдер қабылдауына арналған нақты экономикалық немесе әлеуметтік жағдайларды (оқиғалар, әңгімелер, түрлі жағдайлар) сипаттамасында қолданылады. Кейс әдісі бойынша жұмыс белгілі бір нақты жағдайларды талдау немесе шешуді көздейді, студенттер проблеманың мәнін түсінуі керек, мүмкін шешімдерді ұсынып, олардың ішіндегі ең жақсысын тандау керек. Нәтижесінде, студенттер аудиторияда өздерінің зерттеулерінің нәтижелерін ауызша немесе презентация түрінде дайындайды. Осылайша, кейс әдісі әрдайым студенттің өзіндік жұмысын, кішігірім топ ішінде, ұсынылған шешімді таныстыру және нақты шешімдерді қабылдайды.

Қорыта айтар болсақ, кәсіби-бағытталған шет тілін оқытуда кейс стади әдісіне, түп нұсқада берілген әдебиетті оқуға үйрету әдістеріне ерекше көңіл бөлінуі тиіс. Себебі, техникалық мәліметтің өте көп көлемі - техникалық әдебиеттермен, ғылыми журнал, Интернет арқылы келіп түсетіні белгілі. Түп нұсқада берілген әдебиетті оқуға үйрету - оқу құралдарынан, арнайы журналдардан және тағы басқа ғылыми-техникалық ақпарат көздерінен алынған мәтіндермен жұмыс жүргізуді қамтиды. Түп нұсқада берілген ғылыми-техникалық мәтіндерді дұрыс оқу дағдысын автоматтандыру. Анықтамалық сөздіктермен жұмыс жүргізу дағдысын қалыптастыру. Сөздік қорларын дамыту. Мәтіндегі маңызды мәселені анықтай алуы. Сөйлем арасындағы логикалық байланысты таба білу. Артық ақпаратты қысқартып, сөздіксіз түсіну дағдысын қалыптастыру. Мәтінмен түбегейлі таныса

отырып оқу дағдысын дамыту. Қорыта келе, кәсіби-бағытталған шет тілін оқытуда, көңіл бөлетін мәселе ол - пәнге байланысты тақырыпты дұрыс тандау яғни қандай мамандықта оқытылса, сол мамандыққа қатысты тақырыптарды қамтып, студенттердің кәсіби біліктіліктерін дамытып және кәсіби бағыттағы мәтіндерді мүмкіндігінше көбірек қолдану қажет.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде келесі қорытынды жасауға болады, шет тілі мұғалімі қандай әдіс-тәсіл қолдансада, оған қойылатын талап оқытушыда кәсіби мамандық бойынша белгілі бір білімі болуы, қызығушылығы, оқыту процесін жетілдіруге деген қалауы аса қажет.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Государственный общеобразовательный стандарт образования Республики Казахстан. Высшее образование. Бакалавриат. Основные положения. - ГОСО РК5.04.019 - 2011. - Астана, 2011

2. Гальскова Н.Д. Современная методика обучения иностранным языкам. М. АРКТИГЛОССА, 200, 165С

3. Kramsch C., Context and Culture in Language Teaching. Oxford: Oxford University Press, 1993. Little, David "Words and their properties: Arguments for a lexical approach to pedagogical grammar?" in T. Odlin (ed.) Perspectives on Pedagogical Grammar. CUP, 1994.

4. McDonough, J. and Shaw, C. Materials and Methods in ELT Blackwell, 1993

5. Красикова Е.Н. Кейс-метод в структуре и содержании методической компетенции лингвиста-преподавателя: дисс. канд. пед. наук. - Ставрополь, 2009. - С. 85, 110.

6. Байғаскина Жұлдыз, Алматы энергетика және байланыс университетінің оқытушысы Кәсіби-бағытталған шет тілін оқыту - әр студенттің жеке басының кәсіби дамуының негізі.

7. Кушанбаева., магистрант (Алматы қ., Шет Тілдер және Іскерлік Карьера Университеті) АУТЕНТТІ ГАЗЕТ МӘТІНДЕРІНІҢ ШЕТЕЛ ТІЛІН ҮЙРЕТУДЕ АЛАТЫН ОРНЫ

8. Молодой учёный Научный журнал № 23 (103) /2015

**Аксұңқар БИРМАНОВА**, PhD докторанты, *Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, 100028, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ, Университетская, 28 көшесі, birmanova81@mail.ru, +77212770394, 87003249466*

## **БІЛІМ АЛУ ҚҰҚЫҒЫ АДАМНЫҢ МӘДЕНИ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ БІРІ РЕТІНДЕ**

Мақалада білім алу құқығының түсінігі, мазмұны, кепілдіктері туралы сұрақтар, заманауи Қазақстанда білім беруді жаңғырту мәселелері қарастырылған. Заң әдебиеттеріндегі осы түсінікті талдаудың көптеген мәні анықталады. "Білім алу құқығы" адамның мәдени құқығы ретінде түсінігін анықтаудың көзқарастары қарастырылды.

**Түйін сөздер:** Білім, кепілдіктер, конституциялық білім алу құқығы, субъективті құқық, білім алу құқығының мазмұны.

**Аксұңқар БИРМАНОВА**, докторант PhD, *Қарағанды мемлекеттік университеті им. Е.А. Букетова, 100028, Республика Казахстан, г.Қарағанда, ул. Университетская, 28 birmanova81@mail.ru, +77212770394, 87003249466*

## **ПРАВО НА ОБРАЗОВАНИЕ КАК ОДНО ИЗ КУЛЬТУРНЫХ ПРАВ ЧЕЛОВЕКА**

В статье рассматриваются вопросы о понятии, содержании, гарантиях права на образование, проблемах модернизации образования в современной Казахстане. Отмечается, что в юридической литературе существует множество трактовок данного понятия. Рассмотрены подходы к определению понятия "право на образование" как культурное право человека.

**Ключевые слова:** Образование, гарантии, конституционное право на образование, субъективное право, содержание права на образование.

**Axunkar BIRMANOVA**, PhD student, *Ye.A. Buketov Karaganda State University, 100028, Republic of Kazakhstan, City of Karaganda, The street of Universitetskaya, 28 birmanova81@mail.ru, +77212770394, 87003249466*

## **RIGHT TO EDUCATION AS ONE OF CULTURAL HUMAN RIGHTS**

The article discusses the questions of the concept, content, guarantees of the right to education, problems of education modernization in the contemporary Kazakhstan. The author draws attention to the fact that in legal literature there are many interpretations of this concept. Going is considered near determination of concept "Right to education" as cultural human rights.

**Keywords:** Education, guarantees, constitutional right to education, subjective right, content of right to education.

Білім алу құқығы - оның жеке басын да, бүкіл қоғамды да дамыту үшін қажетті алғышартты жасайтын ең маңызды адамның мәдени құқықтарының бірі. Білім беру деңгейі адамның әлеуметтік жетістігіне және оның әлеуметтік мәртебесіне тікелей байланысты болады. Қоғамның жақсы және білімді болуы, экономикадағы, әлеуметтік өмірдегі және мәдениетіндегі жетістіктерінің артуы, әр адамның өмір сүру жағдайларын неғұрлым қолайлы етеді.

Заң әдебиеттеріндегі ғалымдардың көпшілігінің айтуынша, өзінің қолдану жүйесі бойынша білім алуға деген конституциялық құқықты әлеуметтік санатқа, басқалары болса, экономикалық санатқа, ал үшіншілері мәдени құқық санатына жатқызады. Біздің көзқарасымыз бойынша, айтылған әр санаттарда соншалықты қарама-қайшылықтар жоқ, білім алу мен білім беру құқығы адам өмірінің барлық саласында белгілі роль атқарады. Бірақ, ойланатын болсақ, білім беру құқықтарындағы азаматтардың құқықтарын

қандай да бір санатқа жатқызбас бұрын білім алу құқығын мәдени құқық бөлімі деп санайтын авторлардың ой-пікірімен де келісуге болады деп санаймын.

Мәдени құқық және бостандықты тәуелсіз топқа бөлуді жақтаушылар атап айтқанда, өздерінің позицияларын дәлелдейді, бұл құқықтарды біртіндеп жүзеге асыру адамның рухани қажеттіліктерімен таланттарын қанағаттандыруды, қоғамның рухани әлеуетін барынша пайдалануды, моральды эстетикалық құндылықтарды дамытуды қамтамасыз етеді деп санайды[1;42].

Мәдени құқықтар адамның рухани дамуына кепілдік береді, әрбір адамға саяси, рухани, әлеуметтік және мәдени прогрестің пайдалы қатысушысы болуға көмектеседі. Оларға мыналар жатады: білім алу құқығы, мәдени құндылықтарға қол жеткізу құқығы, қоғамның мәдени өміріне еркін қатысу құқығы, шығармашылық құқығы, ғылыми

прогрестің артықшылықтарын пайдалану құқығы және оларды практикалық қолдану құқығы.

Білім беру құқығының халықаралық стандарттарының негіздері Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясының 26-бабында және Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактінің 13-бабында тұжырымдалған. Бұл құжаттар білім алу құқығын, міндетті және тегін бастауыш білім беруді толық жүзеге асыру үшін барлық жағдайларды қарастырады; орта, кәсіптік және жоғары білімнің қолжетімділігі; ата-аналардың өз балаларына арналған мектептерді таңдауы және өздерінің нанымдарына сәйкес балалардың діни және адамгершілік тәрбиесін қамтамасыз етеді. Жеке тұлғалар мен мекемелер жекеменшік мектептерді құруға және оларды мемлекеттің ең төменгі талаптарын қанағаттандыратын жағдайда ғана басқаруға құқылы [2].

Бүгінгі күні көптеген шет елдердің конституциясында білім алу құқығымен қатар өзінің азаматтарына басқа да құқықтарды яғни рухани өміріндегі еркіндікті ұсынады: әдеби, көркем, ғылыми және техникалық шығармашылыққа бостандық (Испания Конституциясы 1978 ж. 20 бабы.); ғылым және өнерге, зерттеушілік және оқытуға бостандық (Германия Конституциясы 1949 ж. 5 бабы.); мәдениетке ... ересектер мен балалардың тең қолжетімдігі (1958 ж. Франция Конституциясының Преамбуласы); ғылыми қызметтегі еркіндік, дені сау және мәдени өмірін қолдау (23,25 бап Жапония Конституциясы 1947 ж.); мәдени өмірге араласу және мәдени құндылықтарға, қолжетімді мәдени мекемелерді қолдану (44 бап Ресей Федерациясы Конституциясы 1993 ж.), т.с.

Сондай - ақ ұмытпауымыз керек, осы шет елдердің конституциялық даму тәжірибесі 1995 ж. қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы мәтініне енгізу катализаторы болып табылды, азаматтардың және негізгі адам құқықтарының қатарын, туған тілі мен мәдениетін қолдану құқығын, сөйлесу тілін таңдау құқығына, тәрбие, оқыту, және шығармашылық (2 б 19бап, 20 бап), сондай - ақ тарихи және мәдени мұраны сақтау үшін қамқорлық жасау міндеттері (37 бап), білім беру және тәрбиелеу жүйесінің ажырамас құрамдас бөлігі болып табылады [3].

Шет елдердің конституциялық нормасымен салыстырсақ, Қазақстан Республикасының Конституциясы әлеуметтік-мәдени саладағы көптеген мынандай мәселелерді назардан тыс қалдырды, өнер, ғылыми, зерттеушілік, оқыту бостандығы; мамандық таңдау мен оқу орнын таңдау еркіндігі; ата-аналардың еркіндігі; мемлекеттік мектептердің мәртебесі; білім алу үшін жасалатын көмек пен қолдау көрсету; ғылыми зерттеулерді қолдау; мектептен тыс кәсіптік білім алу бөлімін реттеу; студенттерді қорғау; өскелен ұрпақ ғалымдарын қолдау; университеттен тыс зерттеу жұмыстарын және технологиялық даму және т. б қолдау.

Халықаралық-құқықтық нормалар төмендегілерді бекітеді және құқық береді: еркін қоғам өміріне тиімді

қатысу үшін мүмкіндіктер жасау, адамның жеке және оның қадір-қасиетін, адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу, білім беру үшін қажеттіліктерді толық дамыту, этникалық және діни топтар, барлық халықтардың арасында түсіністік, төзімділік пен достыққа ықпал жасау.

Осылайша, білім алу құқығы әлеуметтік-экономикалық, мәдени құқықтарға және бір уақытта жеке тұлға құқығына, ақпараттандыру және ғылыми-техникалық революция дәуірінде адамдардың санасында жаңа өзгерістерді тапқан, гуманитарлық құқыққа енгізілуі мүмкін. Бұл құқық саяси сипатқа ие бола алады (есімізге түсірейік Қазақстандағы тоталитарлық тәртіп шарты бойынша шығармашылығы үшін мәдениет қайраткерлерін қуғындау). Осындай мысалдар бұрынғы КСРО-да өте көп.

Өздеріңіз білетіндей, білім алу құқығы конституцияларда жеке және саяси құқықтардан әлдеқайда кешіктіріліп бекітілді және социалистік теория мен тәжірибенің әсерінен қалыптасты. Бірінші рет қоғамның барлық мүшелері үшін білім алу құқығының талаптары және мемлекеттік биліктің заңамалық тәртіппен бекітілуі "капиталистік езгіден босатылуы үшін пролетариатпен күрестің керекті шарты" Ф. Энгельс және К. Маркс пен дәлелденді [4; 42]. 1845 жылы білім алу құқығы Эльберфельданың коммунистер одағы негізгі қағидаттарының құрамында жарияланып, өзінің жарғысына "Все люди в равной мере имеют права на образование и должны пользоваться плодами науки" деп жазған [4; 44]. Бұл адам құқығының екінші буынның басы болды.

Екінші буынның кең ауқымды құқығы 1936 жылы КСРО Конституциясымен бекітілді, соған қарамастан білім алу құқығы бағдарлама ретінде 1918 жылы РСФСР Конституциясында жарияланған болатын. Алайда КСРО да азаматтардың әлеуметтік қорғалуы төмен деңгейде болса да ол қалыпты өмір сүрді және де екінші буын құқықтарының қалыптасу идеясына, әлемдік қоғамдық санаға әсер етті.

Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы Конвенция экономикалық, нәсіліне, терісінің түсіне, жынысына, тіліне, дініне, саяси немесе өзге де нанымдына, ұлттық немесе әлеуметтік шығу тегіне негізделген кез келген айырмашылық, ерекшелік, шектеу немесе басымдық жоқ, білім беру саласындағы әркім тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге бағытталған.

Осы мақсатта мемлекет келесілерді жүзеге асыруға міндеттеледі:

- а) бастауыш білім беруді міндетті және еркін етуге;
- ә) орташа - жалпыға қолжетімді және одан жоғары - толық теңдік негізінде және әрқайсысының қабілеттеріне қарай қол жетімді болуы;
- б) барлық мемлекеттік мекемелерде білім деңгейін бірдей деңгейде қамтамасыз ету;
- в) білім алуды және көтермелеуді ынталандыру;
- г) мұғалім мамандығы бойынша оқытуды қамтамасыз ету [5].

Білім беру саласындағы халықаралық стандарттар Қазақстан Республикасының Конституциясының 30-бабына сәйкес мемлекеттік білім беру мекемелерінде

және кәсіпорындарда еркін негізгі жалпы және орта кәсіптік білім алуға кепілдік береді. Бүгін мемлекет білім беру саласына разы емес, бизнес кәсіпкерлік үшін мамандар біліктілігінің жеткіліксіздігі жайлы айтады. "Кәсіптік-техникалық білім беру туралы" заң жобасын дайындау жөніндегі жұмыс жасалуда. Заманауи білім берудің экономиканың индустриялық-инновациялық дамуына, бизнес сұрауларына жауап беру міндеті алда тұр. Сондықтан да кәсіптік білім беру жүйесі тұлғаны, еңбек нарығы қажеттіліктерін ғана емес, экономика қажеттіліктерін де қанағаттандыруда басты рольді ойнайды", - деп мәлімдеді Талғат Доскенов. Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының принциптері мен азаматтардың білім алудың мемлекеттік кепілдіктері "Білім туралы" Қазақстан Республикасының заңымен, Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында көрсетілетін мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 9 сәуірдегі № 186 бұйрығымен, анықталады.

Білім алуға конституциялық құқық мазмұнын анықтау және азаматтардың негізгі құқық жүйесіне байланысты сұрақтарды талқылау мәселелері бойынша мынандай қорытынды жасауға болады:

1. Білім алу құқығы адамның бостандығы мен негізгі құқықтарының қатарына кіретін, келесі қасиеттерді меңгерген:

1.1 қазіргі заманғы болмысқа сәйкес білім алудағы адам құқығын, адамның табиғи құқықтарымен бір деңгейде орналастырылуы мүмкін, бұл адамға қоғамда өмір сүрудің шарты ретінде әлеуметтік ауа түрінде қажет. Адамның білім алу құқығын жүзеге асыру және олардың негізгі құқықтары мен бостандықтарын іске асыра алу мүмкіндігі білім беру мен ағарту процесінде адам құқықтарын құрметтеу мүмкін емес, өз кезегінде, басқа да іргелі құқықтарын жүзеге асыруға қажетті шарты болып табылады;

1.2 адамның білім алу құқығы оның ажырағысыз құқығы деп танылуы мүмкін. Бұл адамның осы құқық халықаралық және ұлттық заңнамада қалай түсіндірілетініне қарамастан, білім алуға құқығы бар екенін білдіреді. Білім беру құқығын конституциялық реттеудің маңыздылығы оның Конституцияның тиісті ережелерін қабылдаудың бастапқы нүктесі бар және сонымен бірге оларды нақты және қатаң түрде жүзеге асыруға бағытталған.

1.3 білім алу құқығы ажыратылмайды. Адам бұл құқықты қоғамға, мемлекетке, басқа адамға немесе шарт бойынша басқа адамдар тобына, заң бойынша немесе кез келген басқа негіздер бойынша беруге құқылы емес, ол бағалауға келмейді және одан бас тартуға болмайды;

1.4 адамның білім алу құқығын бұзуы, сондай-ақ оның негізгі құқықтары мен бостандықтарын бұзуы адамға заң немесе наразылықты қорғауға мүмкіндік береді. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының кіріспесінде айтылғаны кездейсоқ емес, БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы осы декларацияны жариялады деп мәлімдеді, адамның соңғы есепке ала отырып, қажетті түрде, қысым мен қанауға қарсы

көтеріліске соңғы шара ретінде адам жүгінуге мәжбүр болмауы тиіс.

1.5 білім беру саласындағы қоғамдық қарым-қатынасты конституциялық реттеу, сонымен бірге білім алу құқығы үздіксіз жетілдірумен сипатталатын, білім беру құқығын дамытудағы маңызды аспектілерді біріктіруде көрініс табады. Бұларға, ең алдымен, жастар үшін жалпыға бірдей міндетті білім берудің ең төменгі деңгейін көтеруге қатысты конституциялық анықтамалар, сондай-ақ осы құқықты жүзеге асырудың бірқатар кепілдіктерін белгілеу кіреді.

2. Білім алу үшін адам құқықтарына:

- еркіндік, бұл бөлігі адам құқықтарының алғашқы буын ұрпағымен байланысты. Білім беру бостандығы мемлекеттің өз елінің білім беру жүйесінің жалғыз негізі ретінде философиялық, идеологиялық немесе діни көзқарастарды белгілеуге құқығы жоқ. Балалардың, студенттердің және студенттердің ата-аналары мен басқа заңды өкілдері білім алуды еркін таңдауы мүмкін. Олар сондай-ақ қандай білім алуды қалайтындарын еркін таңдай алады. Басқаша айтқанда, кез-келген адам немесе адамдар тобы өз идеологиялық немесе діни көзқарасын білім алу үшін идеялық негіз ретінде пайдалануға құқылы. Сонымен қатар, олар оқу орындарын құруға, олардың идеологиялық бағытын және оларда ұсынылған білім мазмұнын анықтауға құқылы. Сонымен қатар, білім беру еркіндігі абсолютті емес деп айтуға тиіспін. Осы көзқарасқа сәйкес, білім алу бостандығы шектелген біріншіден білім беру мақсаттары; екіншіден, білім беру (оқу орындарының міндетті түрде лицензиялау арқылы) және білім беру бағдарламасының міндетті ең аз мазмұнын айқындайды білім беру стандарттарының міндетті ең аз мазмұнын айқындау мемлекеттік білім беру стандарттарын, түлектердің дайындық деңгейіне студенттердің талаптарды оқыту максималды мөлшерін белгілеу үшін ең төменгі талаптарды белгілеу арқылы;

- мемлекет заң бойынша білім беру саласының белгілі бір міндеттерін қабылдайды. Мәдени құқық ретінде білім алу құқығының міндеті әр адамның білім алуына мемлекеттік кепілдіктер жүйесін құру және сайып келгенде, адамға тән бостандықты іске асыру үшін мәдени кепілдіктер жасау болып табылады;

- жеке тұлғаның құқықтық мәртебесінің маңызды компоненті - мәдени өмірге және шығармашылыққа, әдеби өнерге, көркем, ғылыми және басқа да қоғамдық өмірге еркін қатысу құқығы. ҚР Конституциясының 20-бабы шығармашылық бостандық, кез-келген ғылыми, әдеби немесе көркем шығарма, зияткерлік меншікке байланысты туындайтын моральдық және материалдық мүдделерін қорғау мүмкіндігін қамтиды. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактінің 15-бабы "ғылыми зерттеулер мен шығармашылық қызметке сөзсіз қажетті" еркіндікті құрметтейді[2]. Қазіргі қоғам "іргелі құқықтары мен бостандықтарын әлеуметтендіру" құбылысына тап болды. Жеке тұлғаның білім алуға жеке құқығы жалпы мүдделермен біріктірілген адамдардың формальды және бейресми бірлестіктерінің әртүрлі қатысуымен

ұжымдық түрде жүзеге асырылады. Профессор Де Гроффаның сөзі бойынша "шын мәнінде, білім алу құқығы адамның ұжымдық құқығы ретінде көрінеді, ұқсас адамдар топтарды жүзеге асырады және әркімнің негізгі құқықтары мүддесінде үкімет тарапынан қолдау табады" делінген[6;58].

- субъективті құқық білім беру процесінің басқа қатысушыларының субъективті құқықтарында көрініс табады. Қазақстан Республикасы Конституциясының 13 бабына сәйкес, "1. Әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға хақылы. 2. Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар". Білім алу құқығын жүзеге асыру барысында оқушылар, студенттер, магистранттар және басқа да студенттер "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 36 бабында көрсетілген ең толық каталогы бар бірқатар субъективті құқықтарға ие болады.

Осылайша, бұл жағдайлар білім алу құқығын, өмір сүру құқығы, даму құқығы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Тұтастай алғанда осы мәселедегі басты сұрақ құқықтар мен бостандықтардың теориялық қалыптасуы ғана емес, оларды жүзеге асырудың қажетті шарты, кепілдіктері мен тетіктерін жасау, яғни практикалық сала деп айтуға болады. Бұл адам құқықтары мәселесінің ең әлсіз буыны және ғылым мен практиканың күш-жігеріне бағытталуы тиіс. Сонымен қатар адамның білім алуға деген құқықтарының тікелей құқық бұзушылықтарына, оларды тудыратын себептерге, адамның мүдделері мен қадір-қасиетіне қатысты кедергілерді жоюға жол бермеу керек.

Мәдени құқықтарды жүзеге асырудың мазмұны мен кепілдіктері ЮНЕСКО-ның бірқатар ұсынымдарымен әзірленді және толықтырылды. Олар, атап айтқанда, өз мәдениетін дамыту әрбір адамның құқығы мен міндеті екенін атап өтті; мәдениет дәстүрлерін сақтау мен дамытуға барлық құқықты барлық ұлттар, ұлттық азшылықтар, этникалық топтар пайдаланады; әрбір адам білімі мен барлық халықтардың өнерін және әдебиетін тамашалауға, әлемнің барлық бөліктерінде ғылымның дамуына қатысуға, оның пайдасын көруге және мәдени өмірді байытуға жәрдемдесуге мүмкіндіктері болуы керек; мемлекет мәдениетті демократияландыру, мәдениет құқықтарын қамтамасыз ету және оның нәтижелеріне ешқандай шектеусіз қатысуды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдауға тиіс; мемлекет шығармашылық бостандығын қорғауға, шығармашылық қызметкерлерге көмек көрсетуге, кәсіподақтар мен кәсіби ұйымдарды өздерінің таңдауы бойынша қалыптастыру құқығын қамтамасыз етуге тиіс.

Құқықтық кепілдіктер, өз кезегінде, нормативтік және инструментальдік болып бөлінеді. Азаматтар мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының нормативтік кепілдіктері Конституцияда, заңдарда және басқа да нормативтік-құқықтық актілерде құқықтар мен бостандықтарды

жүзеге асыруға және қорғауға бағытталған тиісті ережелер, талаптар мен санкциялар түрінде көрініс табады. Жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарының инструментальдік кепілдіктеріне қатысты, олар өздерінің құқықтарын қорғауға өтініш бере алатын және өздерінің құзыреті шегінде жеке адамның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға қажетті шараларды қабылдауға міндетті болатын мемлекеттік құрылымдарды қамтиды.

Құқықтық кепілдіктердің ішінде маңызды орынды конституциялық кепілдіктер алады олар салалық заңнамамен қамтылған, жалпы және құқықтық кепілдіктердің арасындағы байланыс болып табылады. Білім алу құқығын жүзеге асырудың конституциялық кепілі, бірінші кезекте, осы құқықты шоғырландыру фактісі және мемлекеттің негізгі заңының мәтініндегі кепілдіктері болып табылады. Бұл адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының, сондай-ақ олардың кепілдіктерінің әртүрлі нормативтік құқықтық актілерде - заңдар, жарлықтар, нормативтік-құқықтық актілерде, нұсқауларда және т.б. белгіленуі мүмкін екендігіне байланысты. Адамның құқықтары мен бостандықтары конституцияда бекітілгенде, оларға ерекше маңызды сипат беріледі, өйткені конституцияда қоғам үшін ең маңызды мәселелер ғана бекітілген.

Осы болжамға сүйене отырып, Қазақстан Республикасы Конституциясының 30-бабының өзі де азаматтардың білім алу құқығының кепілі болып табылатынын айтуға болады. Бұл кепілдіктердің мәні олардың түрлерінің сипаты бойынша анықталады: а) мемлекет кепілдік берген тегін орта білім беру, конкурстық негізде тегін орта, жоғары кәсіптік білім алу; б) білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың бағыттары; в) білім алуға жағдай жасау - жалпы міндетті орта білім беру, басқа да түрлерін кеңінен дамыту, сондай-ақ білім алудың түрлері.

Өкінішке орай, Қазақстан Республикасы Конституциясының 30-бабында қамтылған кепілдіктер, әдетте, ұйымдық сипаты бар, яғни үкімет атына, азаматтардың осы құқығын іске асыру үшін іс-шаралар ұйымдастыру жүйесін білдіреді. Жалпы материалдық және саяси кепілдіктер осы баптың аясынан тыс қатыр. Олардың мазмұны Конституцияның жалпы бөлімдерінде баяндалған, әлеуметтік жүйенің негіздеріне қатысты: саяси және экономикалық жүйе болады.

Әлемдік елдердің негізгі заңдарында (конституцияларда) білім алу құқығының мазмұнына салыстырмалы талдау жүргізу, конституциялық заңнамада осы құқықты алғашқы шоғырландыру сәтінен бастап оның тізбесі үнемі толықтырылып, кеңейтілетінін ескеру қажет. Бұл, атап айтқанда, осындай нормаларды қамтитын халықаралық адам құқықтары туралы келісімдер қабылдағаннан кейін байқалды. Кейбір Батыс елдерінде және АҚШ-та бұл новелланы конституцияны қабылдау кезінде ескеруге үлгермегенімен, бірақ көптеген заманауи, соның ішінде посткеңестік конституциялар адамның құқықтарын құрметтеудің қосымша кепілі ретінде қызмет ететін осындай ережелерді бекітті. Бүгінде әлемнің көптеген елдерінің конституциялары негізгі

жалпы ережелерден басқа қосымша "элеуметтік" ережелерді қарастырады. Мысалы, Греция Конституциясының 16-бабы, 1975 ж. айтады: "Мемлекет әртүрлі адамдарға көмектеседі, сондай-ақ көмекке мұқтаж немесе студенттерге өздерінің кәсіптеріне сәйкес арнайы қорғаныс қажет". Ирландия Конституциясының 42-бабы, 1937 ж. қарастырады: "Айрықша жағдайларда, физикалық немесе моральдық себептермен ата-аналар балаларға қатысты өз міндеттерін орындай алмаған жағдайда, мемлекет ортақ игіліктің тиісті кепілі ретінде ата-анасының орнын басуға ұмтылады, бірақ әрқашан баланың табиғи және бұлжымас құқықтарын ескеру керек". Мұндай мазмұн Португалияның Конституциясының 70-бабында 1976 жылы айтылған: "Жастар, әсіресе жұмыс істейтін адамдар, экономикалық, элеуметтік құқықтар мен мәдени құқықтарды, атап айтқанда: білім беру, кәсіптік білім беру және мәдениет саласында ерекше қорғауды пайдаланады".

Негізінде, әрбір құқық ерекше нақты (жеке) тәртіпті жүзеге асыру, құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету (қорғау), оларды жүзеге асыру мазмұны сәйкес келмейтін фактісі негізделеді, ол, жалпы білім беру құқығын конституциялық кепілдіктерді жіктеуді тиісті азаматтардың барлық негізгі құқықтары ортақ және арнайы болып табылады ол осы құқықты қамтамасыз ету үшін ғана қолданылады.

Бір сөзбен айтқанда, азаматтардың салалық заңнамамен білім алуға конституциялық құқығын әзірлеу және нақтылау олардың кепілдіктерін қамтамасыз етудегі, олардың шындыққа жетуінің негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Мысалы, арнайы салалық кепілдіктердің саны "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 3 бабында - Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптері мыналар болып табылады: 1) баршаның сапалы білім алуға құқықтарының теңдігі; 2) білім беру жүйесін дамытудың басымдығы; 3) әрбір адамның зияткерлік дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігі; 4) білім берудің зайырлы, гуманистік және дамытушылық сипаты, азаматтық және ұлттық құндылықтардың, адам өмірі мен денсаулығының, жеке адамның еркін дамуының басымдығы; 5) адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу; 6) жеке адамның білімдарлығын ынталандыру және дарындылығын дамыту; 7) білім беру деңгейлерінің сабақтастығын қамтамасыз ететін білім беру процесінің үздіксіздігі; 8) оқытудың, тәрбиенің және дамытудың бірлігі; 9) білім беруді басқарудың демократиялық сипаты, білім беру жүйесі қызметінің ашықтығы; 10) білім беру ұйымдарының меншік нысандары, оқыту мен тәрбиенің нысандары, білім беру бағыттары бойынша алуан түрлі болуы[7]. Осы баптарда айтылған ерекше кепілдіктер Қазақстан Республикасының Конституциясының 30-бабында бекітілген жалпы қағидаттардың орындалуын қамтамасыз етуге, тұтастай алғанда білім беруді дәйекті жақсартуға және дамытуға бағытталған.

Жоғарыда келтірілген жіктеудің маңыздылығы туралы айтатын болсақ, білім алу құқығын жүзеге асырудың күнделікті тәжірибесінде оларды ажырату қиын. Бұл жалпы және арнайы кепілдіктер үнемі бір-бірін толықтырады және олардың арасындағыларға байланысты. Азаматтар, сондай-ақ, әдетте, осы құқықты қарым-қатынасты реттейтін ережелерде белгіленген білім алу құқығын, мазмұны енгізілген өкілеттіктерді бөліп сәйкес нақты нысандарын, білім беру құқығын жүзеге асырады. Бұл өкілеттіктер мен оларды жүзеге асыру кепілдігі біздің жұмысымыздың әрі қарайғы құрылымын анықтайды. Әрі қарай, ол азаматтардың білім алу құқығы мазмұнын зерттеу негізгі элементтерін әзірлеу қолайлы болып табылады.

Білім алу құқығы адам құқығының іргелі және негізгі құқықтарының бірі. Ол мынадай маңызды халықаралық - құқықтық актілерде бекітіледі. Атап айтсақ, 1948 жылы 10 желтоқсанда қабылдаған Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы (26 бап), 1966 жылы 16 желтоқсанда қабылдаған Экономикалық, элеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакті (13, 14 баптар), 1989 ж. 20 қарашадағы Бала құқықтары туралы Конвенция (28, 29 баптар), Адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөніндегі Еуропалық Ковенция 4 қараша 1950 ж. (20 наурыз 1952 ж. № 1 Хаттама 2 бап.), Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы конвенция 14 желтоқсан 1960 ж., 1995 ж. 30 тамызда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы (30 бап).

"Білім алу құқығы" түсінігіне нақты берілген анықтама жоқ. Отандық заң әдебиеттерінде көрсетілген нақты біркелкі терминологиялық түсіндірменің болмауын тиек етуге болады. Осыған сәйкес, оның анықтамасына көптеген көзқарастар танылған. Айта кетсек, мысалы Ноздрачев А.Ф. білім алуға деген түсінікті былай көрсетеді, "право человека на получение определенной суммы знаний, культурных навыков, профессиональной ориентации, необходимых для нормальной жизнедеятельности в условиях современного общества"[6, 37]. Ал В.И. Шкатулла білім алу құқығына кеңірек түсінік береді, "основное и естественное право, имеющее своей целью удовлетворение потребностей человека в информации и непосредственно в самом образовании" [8,5]. Е.Д. Волохова білім алу құқығын білімге деген бостандық дей отыра, "в соответствии с убеждениями родителей, собственными желаниями и возможностями"[9;11] қорытынды жасайды.

Д. А. Ягофаровтың көзқарасы бойынша, білім алу құқығы - бұл құқықтар мен міндеттердің жиынтығы. Басқаша айтқанда, білім алуға деген құқық тек құқық ғана емес, міндет алу деп түсіндіреді[10;54]. Т.В. Грачевтің ойынша, "білім алу құқығы" адамның субъективті, қол сұғылмайтын құқығы дейді[11;24]. Себебі ол мемлекетпен және халықаралық қауымдастықта кепілдендірілген нақты әрекет ететін барлық қоғамның мүддесін, жекенің мүддесін, өзінің мәдени деңгейін жоғарылату мақсатындағы білімдері. Бұл берілген түсінік біздің көзқарасымыз бойынша дұрыс және әділ. Адамның

білім алуға деген құқығын мәдени құқық ретінде қарастыру және сол топтамаға жіктеу заманауи қоғамның талабы бойынша білімге деген құштарлық, адамның мәдени сипатымен тығыз байланысады. Сондықтан да адамның білім алу құқығы дегеніміз - рухани, мәдени, шығармашылық және материалдық құндылықтарды сақтауға, жетілдіруге, адамзаттың маңызды тәжірибесін игеруге бағытталған тұлғаның өзін дамыту және даму үрдерісі. Білім алу құқығын мәдени құқықтың орталық жүйесі ретінде қарастыра отырып, келесідей тұжырым жасалынады:

- әр адамның білім алу құқығының деңгейі мәдениеттілігімен межеленеді;

- адамның білім алуды таңдау бостандығы, қажеттілігі мен игемділігі мәдени құқық категориясы тұрғысынан қарастырылады ;

- әр адамның білім алуға құқығы бар. Білім беру, ең болмағанда бастауыш және жалпы білім, тегін болуы тиіс. Бастауыш білім баршаға міндетті болуы тиіс. Техникалық және кәсіптік білім көпшіліктің қолы жетерліктей болуы тиіс және жоғары білім де, әркімнің қабілетіне қарай көпшіліктің қолы жетерліктей болуы тиіс (Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы 26 бап 1 т.);

- білім беру адамның жеке басының толық кемелденуіне және құқықтары мен негізгі бостандықтарына деген құрметті арттыруға бағытталуы тиіс. Білім беру барлық ұлттар, нәсілдік және діни топтары арасында түсіністік, шыдамдылық пен достық қарым-қатынас орнатуға ықпал жасап және Біріккен Ұлттар Ұйымының бейбітшілікті қуаттау жолындағы жұмысына ықпал жасап, дем беруі тиіс (Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы 26 бап 2 т.);

- білім алу құқығы таңдау бостандығы жағдайында жүзеге асырылады: әркімнің ана тілін пайдалану құқығы, білім алу тілін таңдау бостандығы, оқыту бостандығы және академиялық еркіндігі, ата-аналардың өздерінің жас балаларына білім беру түрін таңдау құқығының басымдылығы[12].

Мәдени құқықтар мен бостандықтар адамның білім беру, мәдени және рухани деңгейін көтеруге жағдай жасайды, оның толыққанды және үйлесімді дамуына ықпал етеді. Осылайша, кез-келген адам өз өмірі бойы өзінің мәдени құқықтарын толығымен

пайдаланады. Білім алу құқығы мәдени құқықтардың ішіндегі қазіргі өмірдің ажырамас бөлігі болып табылады.

#### Әдебиеттер тізімі

1 Матюшева Т.Н. Право на образование - конституционно защищаемая духовная ценность // Современное право. - 2008. - № 12. - С. 33-38.

2 Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакті- Электрондық ресурс: [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000087\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000087_)

3 Қазақстан Республикасының Конституциясы 30.08.1995 ж. - Электрондық ресурс:[http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_).

4 Беккер Д.А. Реализация права граждан на образование в Республике Казахстан // Universum: Экономика и юриспруденция: электрон. научн. журн. 2016. № 1(34). - С. 42-48.

5 Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы конвенцияны ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 449-V ҚРЗ - Электрондық ресурс: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000449>

6 Курыцина Е.В. Конституционное право на образование в российской федерации: понятие и содержание // Наука. Общество. Государство. - 2014. - №1. - С. 190-200

7 Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. - Электрондық ресурс: [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_)

8 Шкатулла В. И. Право на образование // Государство и право. - 1997. - № 7. - С. 5-13.

9 Волохова Е.Д. Законодательное обеспечение права на образование в Российской Федерации. - М.: Готика, 2004. - 240 с.

10 Ягофаров Д.А. Образовательное право: опыт теоретического осмысления // Образование и наука. - 2000. - № 4. - С. 54-61.

11 Грачева Т.В. Реализация конституционного права человека и гражданина Российской Федерации на образование: на примере города Москвы: Автореф. дис. канд. юрид. наук. - М., 2004. - 24 с.

12 Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы- Электрондық ресурс: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/O4800000001>



*Дастан ДАРЫБАЕВ, "Құқықтану" мамандығының магистранты, Қазтұтынуодағы Қарағанды Экономикалық Университеті, 100009, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қаласы, Академическая көшесі, 9.*

## **СОТҚА ДЕЙІНГІ ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУ БАРЫСЫНДАҒЫ МҮЛІККЕ ТЫЙЫМ САЛУ ПРОЦЕССУАЛДЫҚ ӘРЕКЕТІНІҢ ТҮСІНІГІ МЕН МӘНІ**

Бұл мақалада ҚР сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысындағы мүлікке тыйым салу процессуалдық әрекетінің түсінігі мен мәні, тәртібі туралы жазылған. Қылмыстық сот ісін жүргізу мақсаттарына, азаматтың құқықтары мен бостандығын қорғау арқылы тиісті мақсатқа қол жеткізу, қылмысты уақтылы ашу көзделген.

**Түйінді сөздер:** сот, қылмыс, процесс, тергеу.

*Дастан ДАРЫБАЕВ, магистрант специальности "Юриспруденция" Карагандинский экономический университет Казпотребсоюза, 100009, Республика Казахстан, г.Караганда, ул. Академическая, 9*

## **СУЩНОСТЬ И ПОНЯТИЕ ПРОЦЕССУАЛЬНОГО ДЕЙСТВИЯ ЗАПРЕТА НА ИМУЩЕСТВО В ХОДЕ ДОСУДЕБНОГО РАССЛЕДОВАНИЕ**

В статье рассмотрены сущность, понятие и порядок процессуального действия запрета на имущество в ходе досудебного расследование. Прекращение уголовного дела, а также уголовного преследования (досудебного расследования) является весьма актуальным вопросом современного уголовного процесса.

**Ключевые слова:** суд, преступление, процесс, расследование.

*Dastan DARYBAYEV, Master of the specialty "Law" Karaganda Economic University Kazpotrebsoyuz, 100009, Republic of Kazakhstan, Karaganda, Academicheskaya str, 9*

## **ESSENCE AND CONCEPT OF PROCESSAL ACTION OF PROHIBITION ON PROPERTY IN PROCEEDINGS OF PROCEDURAL INVESTIGATION**

The article deals with the essence, concept and order of procedural actions of the ban on property during the pre-trial investigation. Termination of the criminal case, as well as criminal prosecution (pre-trial investigation) is a very topical issue of the modern criminal process.

**Keywords:** court, crime, process, investigation.

Қылмыстық-процессуалдық мәжбүрлеу шаралары, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын шектейтіндіктен, олардың заңдылығымен негізділігін қамтамасыз етуші, іс жүргізудегі қатаң кепілдіктерді қолдана отырып жүргізілуі керек. Қылмыстық сот ісін жүргізу мақсаттарына, азаматтың құқықтары мен бостандығын қорғау арқылы тиісті мақсатқа қол жеткізу, қылмысты уақтылы ашу көзделген.

Қылмыстық іс жүргізу әдебиетінде күштеудің мәні, оны қарама-қарсы мағынасы бар, қос категориямен, сәйкестендіру жолымен анықталады. Мәжбүрлеу қылмыстық процесте тұлға еркіндігін қандай да бір формада әрқашанда шектейді. Процессуалдық мәжбүрлеу шараларына қолданылатын ғылыми жіктеудің маңызы оның бір уақытта барлық зерттелетін нәрселерді қамту мүмкіндігінде. Сонымен қоса олардың әрқайсысының тұрған жерін ғана емес, сонымен қоса олардың бір-бірімен байланысын қалыптастырады. Олардың ішкі заңдылықтарын ашады. Процессуалдық әдебиеттерде процессуалдық мәжбүрлеу шаралары әр автордың әр түрлі көзқарастарымен топтастырылады. Мысалы, А.Н. Ахпанов: "Сот және тергеу органдарына алып келуге бағытталған шақыртумен алып келу түріндегі

шаралар; тінту және алу, куәландыру; айыпталушының қызметі бойынша жаңа қылмыстарды жасаудың алдын алатын шаралар; қызметіне шеттету; соттық талқылау тәртібін қамтамасыз ететін шаралар - тәртіп бұзушыларды сот мәжілісі залынан шығару, айып салу; азаматтық талапты қамтамасыз ету бөлігіндегі сот үкімін орындауды қамтамасыз ететін шаралар; мүлікке тыйым салу; айыпталушының алдын - ала тергеуде және сотта болуын қамтамасыз ететін шараларды көрсетуде".

Қылмыспен келтірілген зиянның орнын толтыру түсінігі мен сипаттамасы жөнінде атүсті қарастырылуы біздің ойымызша оған аз көңіл бөлінгендік болып саналар еді. Зиянның орнын толтыру түсінігі зиян деген сөздің өзімен байланыстырыла зерттелуі тиіс. Жалпы зиян деген сөздің өзі бұзу, жамандық көрсету, қынжылту, денсаулығына зардап келтіру, біреуді жәбірлеу, белгілі азаматты шығынға ұшырату және осындай тағы басқа да мағыналарды білдіреді екен.

Осыған сәйкес, құқық қорғау органдарының қылмыстық іс жүргізу барысында зиянның орнын толтыру шараларын жүргізіп, оны қайтару әдістерін қолдану жұмыстары жүргізілуі тиіс.

Бұл әдістер мына төмендегіше болуға тиіс:

1. Зиянның көлемі мен сипатын анықтау, оны дәлелдеу.

2. Заңды тұлғалар мен жеке азаматтарға зиян келуіне байланысты оларды азаматтық талапкер ретінде тану.

3. Қылмыстық кодекспен тыйым салынған әрекетпен зиян келтірген субъектілерді азаматтық жауапкер ретінде тану.

4. Ұрланған заттарды іздеу және оларды алу.

5. Тергеу барысында алынған мүліктерді мемлекет органдарына тапсыру немесе тиісті деп тапқан жағдайда заңды иелеріне қайтару.

6. Күдіктіге айыпкерлерге (азаматтық жауапкерлерге оның туыстарына) қылмыс барысында келтірген зиянның орнын өз еркімен толтыруын ескерту. Қылмыспен келтірілген зиянның орнын толтыруға арналған (ақша және бағалы заттарды) анықтау, оларды процессуалдық жолмен алу.

7. Мүлікке тыйым салу әрекетін жүргізу.

8. Тыйым салынған мүліктерді жауапкершілікпен сақтау жөнінде азаматтарға ескертіп бұл жөнінде олардан колхат алу.

Материалдық зиянның көлемі мен сипатын анықтау барысында көбінесе оның сол жасалған қылмысқа байланысты және оның қоғамға қауіптілігіне басты назар аударылады. Соған байланысты, А.П. Рыжаков "Қылмыспен келген зиянның көлемі мен сипатын толық анықтамас бұрын, ең алдымен қылмыстың болған-болмағандығын немесе қандай қылмыс болғанын білуіміз керек. Қылмыстық кодекстің негізгі бөлімінің баптарына сәйкес қандай әрекеттердің қылмысқа жататындығын анықтап алуымыз (мысалы, жол көлік оқиғасынан болған жағдайдан ауыр зардаптың келуі)", дейді [41 б.].

Зиянның көлемі мен сипаттын дәлелдеуге нақтырақ тоқталатын болсақ, бұл сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысындағы маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 113-бабына сәйкес қылмыстық іс бойынша дәлелдеуге жататын мән-жайлардың бірі - жасалған қылмыстың зардаптары және қылмыспен келтірілген зиянның сипаты мен мөлшері болып табылады. Сондықтан қылмыс нәтижесінде келген зиянның көлемі мен сипатын анықтап алмай, қылмыстың болғанын немесе болмағандығын және қандай қылмыс жасалғанын толық біле алмаймыз. Осыдан, дәлелдеудің элементтеріне зиянның "көлемі және сипатын" жатқызамыз.

Қылмыс нәтижесінде келген зиянның көлемі мен ондағы қайтаруға қойылған соманың көлемі ешкімге күмән келтірмейтіндей болуы тиіс. Бұл жөнінде көптеген ойлар мен пікірталас тудыратын көзқарастар бар. Бұл жерде жалпы зиянның сипаттамасы мен көлемін анықтау жолдары Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 168-бабына сәйкес азаматтық, еңбек, және басқа заңдардың нормаларында белгіленеді.

Аталмыш қылмыстық-құқықтық көзқарастағы мәселелерді қарастыратын болсақ, мыналар анықталуы тиіс:

- қылмыстың болғандығын анықтау және оған баға беру;

- ылмыс құрамының бар-жоқтығын анықтау, олардың сатыларын тексеру (біреудің өміріне қастандық жасалмақшы, оқталу болды ма немесе аяқталған қылмыс болды ма);

- кінәлінің жағдайын жеңілдететін әрекеттерді қарастыру, жәбірленушіге қылмыс нәтижесінде келген мүліктік және моральдық зиянның орнын өз еркімен толтыру, жабу, қайтару және басқа да жолдарын анықтау.

Сонымен, тергеу барысындағы зиянның көлемін анықтау үшін сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында келесі мәселелер анықталуы тиіс:

1) жәбірленушіге күш көрсетілгені, моральдық немесе мүліктік зиян келгендігін растайтын құжаттар (куәгерлердің көрсетуі, маманның, дәрігердің, сарапшының тағы басқалардың айқындайтын құжаттары);

2) қашан, қандай жағдайда және қандай әрекеттермен немесе әре-кетсіздікпен мүліктік зиян келгендігін, дәледелерді анықтау;

3) зиян келтірген адамның міні, себебі, неліктен, немен, құқыға қарсы, қоғамға қауіпті әрекеттерін тексеру.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында жәбірленушінің қайтарылуға тиісті мүлкін қалай бағалайтындығын анықтау керек. Жалпы зиянның құнын есептеп, шығарылатын баға азаматтық талаптағы қойылған талапқа сәйкес, соттың талқылануында қаралу керек.

Қандайда бір болмасын қылмыстың әсерінен келген зиянның орнын толтыру түсінігі мен оның құрамы және оның жәбірленушіге деген маңыздылығыне өткен бөлімде толығырақ тоқталып өттік. Енді соларды осы бөлімде қаралатын мәселелермен ұштастырып, оны одан әрі жетілдіру мақсатында оның әдіс-тәсілдерін, қылмыспен келген зиянның орнын толтырудағы кешенді жолдарын қарастыруды алға қойып отырмыз.

Қылмыстық істі тергеу барысында қылмыскерлердің қоғамға немесе жеке азаматтарға материалдық зиян келтіргені анықталса, тергеуші жауапты адамдардан зиянның орнын толтыруға бағытталған шараларды жүргізуге міндетті. Мұндай шаралардың бірі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 161-бабына сәйкес көрсетілгендей мүлікке тыйым салу әрекеті болып табылады. Осыған орай, бұл мәселеге профессор А.Н. Ақпанов мүлікке тыйым салу және оны жазу әрекеті азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатындағы заңның арнайы ретіндегі әрекет деген тұжырым жасаған.

Аталмыш мәселеге байланысты Ю. Д. Лившиц, мүлікке тыйым салу әрекетін дұрыс, толық және уақтылы жүргізілуі керек, сол жағдайда ғана қылмыспен келген зиян қайтарылатындығына үміт күтуге болады. Кей жағдайларға байланысты мүлікке уақтылы және оған толық тыйым салмағандықтан жәбірленушіге келген зиянның орнын толтыру мәселесі іске асырылмай жатады, деп көрсетеді.

Ал, А.Н. Зубарев және В.Н. Косаревтің айтуынша, қылмыстық іс қозғалмай тұрып жүргізілген

процессуалдық шаралар мүлікке тоқтам салу зиянның орнын толтыру барысындағы маңызды әрекеттің бірі болып табылады.

Мүлікке тыйым салу әрекеті жөнінде тергеу тәжірибесінің ерте кездегі шығарылып, қолданылған нұсқаулары мен ережелері зиянның орнын толтыру мәселесін қарастырған. Мәселен, КСРО прокуратурасының нұсқаулары мен НКЮ ережелері 1939 жылғы заңға сәйкес зиянның орнын толтыру мақсатында жауапкер адамның қылмысына байланысты қылмыстық іс қозғаумен бірге оның мүлкіне тыйым салу әрекеті жүргізілген.

Осы айтылған пікірлер мен көзқарастарға қосыла отырып, оны тұжырымдай келе, қылмыстың әсерінен келген зиянның орнын толтыруда азаматтық талаптың орындалуына себебін тигізетін және оның толық орындалуын қамтамасыз етудегі негізгі шараның бірі - мүлікке тыйым салу әрекеті болып табылады деп есептейміз.

Бұл мәселеге байланысты біз жүргізген сот-тергеу тәжірибесіне талдау жасау барысында зиянның орнын толтыру мақсатында жүргізілген мүлікке тыйым салу әрекеті қылмыстық істердің тек 15 пайызына ғана қолданылғанын байқадық. Оның ішінде: 1-3 күннің аралығында 10 %; 4-9 күннің арасында 3 %; 10-20 күннің арасында 15 %; 20-30 күннің арасында 25 % пайызға жуық мүлікке тыйым салу әрекеттері жүргізілген. Байқап отырсақ, қылмыстық іс қозғалған күн арасы ұзаған сайын жүргізілген мүлікке тыйым салу әрекетінің пайыздық көрсеткіші өсіп отырған. Осы әрекеттерді одан әрі талдау барысында қылмыстық іс қозғалғаннан бастап уақыт өткен сайын тыйым салынатын мүлік азайып, жоғала бастайтындығы да аңғырылды. Біздің пайымдауымызша, зиянның орнын толтырудағы төменгі пайыздың бір себебі осы әрекеттің уақтылы жүргізілмегендігі деп санаймыз.

Зерттеу барысындағы оқып, танысқан қылмыстық істердегі зиянның орнын толтыру мәселесі бойынша азаматтардың 78,6 пайызы азаматтық талап-арыз жазғанымен, ол істердің 36,4 пайыздан астамында мүлікке тыйым салу әрекеті жүргізілген.

Аталмыш мәселеге байланысты З.З. Зинатуллин, тінту тергеу әрекеті болса, мүлікке тыйым салу да осындай түрдегі тергеу әрекетіне жатады, деп көрсетті. Әрине, бұл да ойландыратын және қылмыспен келген зиянның орнын толтыру барысындағы тиімді жағдайлардың бірі. Осы қозғалған мәселеге байланысты А.А. Чулиев те мүлікке тыйым салу әрекетін тергеу әрекеттерінің бірі деген пайымдау жасайды.

Осы пайымдауларға байланысты В.А. Азаровтың берген тұжырым-дамасы қарама-қарсы көзқараста болып отыр. Өйткені, оның берген тұжырымы бойынша тергеу әрекеттері дәлелдемелер жинау мақсатында жүргізілсе, мүлікке тыйым салу да сол дәлелдемелерге хаттама толтыру әрекеттері және міндетті түрдегі айғақтардың қатысуымен жүргізіледі деп көрсетеді.

Осындай айтылған кейбір заңгер-ғалымдардың көзқарастарын қарастырып, оның ішінде мүлікке тыйым салу әрекеті жөнінде айтылған қарама-қарсы көзқарасты Б.Т. Безлепкин де қолдай отырып, мүлікке

тыйым салу әрекетін қылмыспен келген зиянның орнын толтыру мақсатындағы азаматтық талапты қамтамасыз ету үшін жүргізілетін процессуалдық әрекет ретінде есептейді.

Аталмыш мәселеге байланысты тергеу әрекетінің мазмұнын анықтап алсақ, Қ.Ө. Ташибаевтың тұжырымы бойынша, тергеу әрекеті дегеніміз - тергеушінің алдын-ала тергеу жүргізу және қылмыстық істі жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша жаңғырту сатыларында, іс бойынша ақиқатты (шындықты) анықтауға арналған, Қазақстан Республикасының Қылмыстық істер жүргізу кодексіне көрсетілген ережелермен жүргізілетін, дәлелдемелер тауып, жинауға бағытталған жұмысы болып табылады.

Осыған сәйкес, тергеу әрекеттері дәлелдемелерді іздеу, бекіту, зерттеу және оған баға беру мақсатында жүргізіледі. Ал мүлікке тыйым салу әрекеті тек, азаматтық талапты немесе зиянның орнын толтыруды қамтамасыз ету мақсатында мәжбүрлеу, ықтиярсыз көндіру арқылы және мүлікке тыйым салынғандығы жөніндегі хаттама толтырумен шектеледі.

Жоғарыда көрсетілген пікірлермен, көзқарастармен толығымен, кейбір жағдайда ішінара (В.Г. Власенко мен З.З. Зинатулин) келісе отырып, мүлікке тыйым салу әрекеті процессуалдық әрекет болып саналады демекпіз. Ол зиянның орнын толтырудағы азаматтық талапты қамтамасыз ету барысындағы мүлікті тәркілеуге арналған және үкімді орындау мақсатындағы жүргізілетін әрекет болып табылады.

Аталмыш мәселе, 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексі қабылданғанға дейін бұрынғы Қазақ КСРО Қылмыстық істер жүргізу кодексіне басқаша болып, атап айтқанда мүлікке тыйым салу әрекеті тергеу әрекеті болып келді. Сол кездегі қолданыстағы Қазақстан Республикасы Қылмыстық істер жүргізу кодексіне сәйкес мүлікке тыйым салу, процессуалдық әрекет болып табылады.

2014 жылдың 4 шілдедегі жаңа қылмыстық-процестік кодекстің қабылдануы осы мүлікке тыйым салу процессуалдық әрекеттің бірі болып қала беруде. Осыған байланысты, сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында тергеуші кімдердің мүлкіне және қандай мүлікке тыйым салады деген сұрақты анықтайтын болсақ, ол былайша болады:

- күдіктінің немесе айыпкердің мүлкіне;
- мүлікке заң бойынша материалдық жауапкершілік артқан күдіктінің немесе айыпкердің мүліктеріне;
- күдіктіден немесе айыпкерден сол ұрланған мүлікті сатып алған азаматтардың мүлкіне тыйым салынады.

Құқық тәртібі негізінен мемлекет күшімен сақталатыны белгілі және мемлекет қызметі барлық басқа да қылмыстық құбылыстың алдын алуға жасайтын әлеуметтік субъектілермен салыстырғанда ауқымды, терең және пәрменді болуы қажет. Осыған орай жаңадан қабылданған заңнамалар осының айғағы. Қарастырып отырған тақырыпқа байланысты қылмыстық процестік кодекстің 161 бабына сәйкес мүлікке тыйым салу оның меншік иесіне немесе

иеленушісіне арналған, осы мүлікке билік етуге, ал қажет болған жағдайларда оны пайдалануға тыйым салудан не мүлікті алып қоюдан және оны сақтауға беруден тұрады және мәжбүрлеу шараларының бірі болып табылады.

Мүлікке тыйым салу негіздемелері күдіктінің, айыпталушының тыйым салынатын мүлікті жасыруы, бүлдіруі немесе жойып жіберуі мүмкін деген негізді дәлелдемелер болып табылады. Мүлікке тыйым салуды сипаттағанда, оның орнын анықтағанда ең алдымен тергеу әрекеті мен өзге де процессуалдық әрекетін ұғымдарын, мақсаттарын бір бірінен айырмашылықтарын білуіміз керек. Осыған орай көптеген пікір таластар мен ғалымдардың көзқарастарын қарастыруға да болады. Мүлікке тыйым салуды кейбіреулері қылмыстық іс жүргізу кезінде атқарылатын барлық әрекеттерді тергеу әрекеті ретінде қарастырады.

Мүлікке тыйым салуды сотқа дейінгі тергеп тексеру барысында ҚПК-тің талаптарына сай қылмыстық іс үшін маңызы бар жағдайларды анықтауға нақтылы деректерді табуға, оларды бекітуге бағытталған тергеушінің процессуалдық әрекеттерін тергеу әрекеттерді деп атаймыз. Тергеу әрекеті анықтау және іздеу сияқты ең негізгі элементтерінен тұрады. Өрбір тергеулік әрекет белгілі бір әдістерді қолданады: сұрау, салыстыру, өлшеу, эксперимент, сипаттау т. б.

Тергеу әрекетін өзге процессуалдық әрекеттерден айыратын ең басты айырмашылық олардың мақсаттарында. Тергеу әрекетінің ең негізгі мақсаты дәлелдемелерді жинау және тексеру болып табылады.

Сотқа дейінгі тергеп тексеру барысындағы мүлікке тыйым салу әрекетінің негізгі мақсаты қылмыстық іс жүргізу заңдарында көрсетілген белгілі бір талаптарды, тәртіптерді орындауға бағытталған процессуалдық әрекет деп те түсінуге болады.

Қарастырылып отырған іс жүргізушілік мәжбүрлеудің осы шаралары мынадай мақсаттарда қолданылады:

1. Азаматтық талапқа байланысты үкімнің орындалуын қамтамасыз ету үшін. Заң мәжбүрлеудің бұл шарасын қолданылуын азаматтық талаптың болуымен байланыстырады. Сондықтан, егер азаматтық талап қойылмаған болса, мүлікке тыйым салуға болмайды.

2. Басқа да мүліктік өндіріп алудың орындалуын қамтамасыз ету үшін.

3. Сотқа дейінгі тергеп тексеру барысында қылмыстық әрекет жолмен алынған немесе қылмыстық жолмен жиналған мүлікті болуы мүмкін тәркілеуді қамтамасыз ету үшін.

Қылмыстан мүліктік, моральдік зиян шеккен жәбірленуші оның өтеу туралы азаматтық талап қоюға құқығы бар. Қылмыстық сот өндірісі, қылмыстардан зардап шеккен тұлғалар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға тиісті болғандықтан, мәлім етілген азаматтық талаптың тағдырына қамқорлық жасауға міндетті. Соңғысы мүліктерді табу және оған тыйым салудан тұрады.

Егерде осы ҚПК 119-бабына назар аударса осы дәлелдемелердің қайнар көзіне мүлікке тыйым салу

хаттамасы да көрсетілген, яғни мүлікке тыйым салу хаттамасы дәлелдеменің қайнар көзі болып табылады. Енді неге мүлікке тыйым салу хаттамасы дәлелдемелердің қайнар көзі болып табылатынын талқылап кетейік. Мүлікке тыйым салудың мақсаты азаматтық талапты қамтамасыз ету, мүлікті тәркілеу, басқа да мүліктік жазаларды орындау болып табылады. Осыдан мынандай сұрақ туы мүмкін, егерде мүлікке тыйым салудың мақсаты дәлелдемелерді жинауға бағытталмаған болса, неге заң шығарушы орган оны ҚР ҚПК 119-бабы дәлелдемелердің қайнар көзіне жатқызған деген. Біздің ойымызша мүлікке тыйым салу хаттамасын дәлелдемелердің қайнар көзіне дұрыс жатқызған деп есептейміз, себебі сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында тергеуші қылмыстық жолмен табылған айыпталушының мүлкіне тыйым салуға құқысы бар, яғни қылмыстық жолмен табылған мүлік дәлелдеме болып саналады, сонымен қатар мүлікке тыйым салу мәжбүрлеу шарасы болып табылады, тергеулік әрекетке жатпайды, бірақ тергеулік әрекеттің элементтері бар. Іс жүргізудің өзге де мәжбүрлеу шарасы болып табылатынына мыналар себеп:

1. ҚР ҚПК-тің талаптарына сай тергеу әрекеттерінің қатарына жатқызбай, өзге де мәжбүрлеу шараларының қатарына жатқызылған.

2. Мүлікке тыйым салудың мақсаты дәлелдемелерді жинау, бекіту емес керісінше азаматтық талап, басқа да мүліктік жазалар және мүлікті тәркілеуді орындау болып табылады.

3. ҚР ҚПК 191 - бабында көрсетілген кідірілмейтін тергеулік әрекеттердің қатарына кірмейді.

4. Шығу тегіне және мақсатына байланысты танушылық қасиеті жоқ, тек қана мүлікті талан-тараждан сақтауға бағытталған ұйымдастырушылық - нұсқаушылық әрекет.

Тергеулік іс-әрекеттердің аталған белгілерін (танымдылық бағыттылығын) назарға ала отырып кеңестік қылмыстық іс жүргізу ғылымы да дәлелдемелерді табу, бекіту, тексеруге тікелей бағытталған әрекеттер ретінде түсінді-реді.

Жаңадан қабылданған процессуалдық кодексте тергеулік іс-әрекеттердің түсінігін өзгерткен жоқ, оларда қылмыстық іс жүргізу заңдарымен дәлелдемелерді жинау және тексеру жөніндегі қылмыстық істер жөніндегі заңдарға қарастырылған процессуалдық іс-әрекеттер ретінде анықтайды және оларды мемлекеттік мәжбүрлеумен қамтамасыз етілген өкілетті тұлғалар жүргізеді.

Тергеулік әрекеттермен салыстырғанда мүлікке тыйым салудың ерекшеліктері мен өзгешеліктері ескере отырып, ҚР ҚПК жобасын жасаушылар бұл процессуалдық іс-әрекетті Кодекс жүйесінде орнын дұрыс белгіледі деп есептейміз. 2014 жылы 4 шілдеде жарияланған ҚР ҚПК-те мүлікті пайдалануға тыйым салу "Процессуалдық мәжбүрлеу шаралары" 4 бөлімнің 19 тарауына орналастырған. ҚР ҚПК-те мүлікті пайдалануда тыйым салу процессуалдық мәжбүрлеу шараларына жатқызылған, оны қолданудың негіздемесі мен тәртібі "процессуалдық мәжбүрлеудің өзге шаралары" деген 19 тараудың ауқымында реттелген. Заңгердің мұндай таңдауы төмендегі бір неше жалпы қорытындыларды

тұжырымдауға негіз береді. Біріншіден, ҚР ҚПК-те мүлікті пайдалануда тыйым салу тергеу іс-әрекеті ретінде қарастырылмайды, ал ол процессуалдық мәжбүрлеу шараларына жатқызылған. Процессуалдық мәжбүрлеу шараларының жүйесі Кодекстің 4 бөлімінде бекітілген тұжырымдаманы есепке алғанда мүлікті пайдалануға тыйым салу процессуалдық мәжбүрлеудің өзге шаралары тобына кіреді.

Екіншіден, заң шығарушы орган жекелеген әдебиеттерде кездесетін мүлікке тыйым салуды қылмыстық іс бойынша азаматтық талап институты шегінде қарастырмаған.

Үшіншіден, мүлікті пайдалануға тыйым салуды алу, тінтуден тыс жүргізуге болатынын және процессуалдық мәжбүрлеудің өз алдына жеке шарасы ретінде қарастырған.

Сөйтіп жоғарыдағы мәселелерді қорытындылай келе, біз мына тұжырымға келеміз:

1) мүлікке тыйым салу шығу тегіне және мақсатына байланысты танушылық қасиеті жоқ, тек қана мүлікті талан-тараждан сақтауға бағытталған ұйымдастырушылық - нұсқаушылық әрекет, яғни ҚР ҚПК-ті бойынша азаматтық талапты, басқа да мүліктік жазалар немесе мүмкін болатын мүлікті тәркілеу бөлігінде үкімді орындауды қамтамасыз ету болып табылады. Мүлікке тыйым салудың міндеттері дәлелдемелерді жинау, бекіту емес керісінше заң бойынша көрсетілген мүліктердің сақталуын сот үкімі шыққанға дейін қамтамасыз ету. Мысал ретінде келтіре кетсек меншікке қатысты қылмыстар бойынша біз мүлікке тыйым салу арқылы дәлелдемелерді таппаймыз, керісінше заң бойынша мүлікті тәркілеу бөлігіне байланысты күдікті, айыпталушының мүлкіне тыйым саламыз, яғни ең басты міндеті күдікті, айыпталушы мүліктерін талан-таражға салмасын дейміз. Сондықтан мүлікке тыйым салуды тергеулік әрекет емес, өзгеде процессуалдық мәжбүрлеу шарасы ретінде қарастыруымыз керек. Екінші көзқарасты ұстанатын авторларды қолдаймыз;

2) мүлікке тыйым салу мәжбүрлеу шарасы болып табылады, тергеулік әрекетке жатпайды, бірақ тергеулік әрекеттердің элементтерін өзінде сақтайды. Бұған уәж ретінде жоғарыда себептерді атап кеттік;

3) қылмыстық істер жүргізу заңы бойынша мүлікке тыйым салудың ұғымын былай бере кетуге болады: "Мүлікке тыйым салу дегеніміз - азаматтық талап, басқа да мүліктік жазалар немесе мүмкін болатын мүлікті тәркілеу бөлігінде орындауды қамтамасыз ету мақсатында күдікті, айыпталушы немесе заң бойынша олардың әрекеті үшін материалдық жауаптылықта болатын адамдардың мүліктерін иемденуге шек келтіретін ерекше қамтамасыздандыру іс жүргізушілік шараларын айтамыз". Мүлікке тыйым салудың ұғымын бергеннен кейін, енді мүлікке тыйым салудың негізін талдап кетсек дұрыс болады.

ҚР ҚПК 161 бапты талдау жасасақ онда тек мүлікке тыйым салудың мақ-саттары ғана (үкімнің азаматтық

талап бөлігінде орындалуын қамтамасыз ету, басқа да мүліктік жазалар, мүлікті тәркілеу) көрсетілген.

Жаңадан қабылданған қылмыстық-процестік кодексте 161 бап мүлікке тыйым салу, 162 бап мүлікке тыйым салу тәртібі, 163 бап мүлікке тыйым салуды санкциялау тәртібі, 164 бап мүлікке тыйым салуды санкциялау не санкциялаудан бас тарту туралы қаулысына наразылық білдіру және шағым жасау жолдары кеңінен көрсетілген.

Мүлікке тыйым салудың негізін заңды тұрғыда бекіткені дұрыс болар еді, себебі мынандай тиімді жақтарды айқындауға болады:

1) қылмыстық қудалау органдарының заңсыз мүлікке тыйым салуды болдырмас еді;

2) мүлікке тыйым салудың қылмыстық сот өндірісінде алатын орнын айқындар еді.

Сондықтан мүлікке тыйым салу негізін ҚР ҚПК былай көрсетіп кетуге болады.

"Мүлкі бар күдікті, айыпталушы немесе өзге тұлғалар мүлікті жасыруы, бүлдіруі немесе талан-таражға салуы мүмкін деуге қылмыстық іс материалдарында толық негіз болса қылмыстық іс жүргізуші органдар олардың мүлкіне тыйым салуы мүмкін. Егерде келтірілген зиян үшін азаматтық талап ұсынылмаса және күдіктіге немесе айыпталушыға жасаған қылмысында қосымша жаза ретінде мүлікті тәркілеу санкциясы көзделмесе олардың мүлкіне тыйым салуға болмайды".

Тергеуші талап арыздың түсуін "болжағанда" емес, талап арыз нақты түскенде ғана мүлікке тыйым салу жөніндегі шешім қабылдануы қажет. Соны-мен қатар қылмыстық істі тергеу барысында тұлғаға қылмыспен зардап келтіргендігі анықталғаны, бірақ азаматтық талап әлі қойылмаған жағдаяттарды да шеткері шығаруға болмайды. ҚР ҚПК 167-б. 1-бөл. сәйкес азаматтық талап қылмыстық іс қозғалғаннан кейін және соттық тергеу басталғанға дейін қойылуы мүмкін. Заң жәбірленушіге қылмыспен мүліктік зардаптың келтірілген ауқымының орнын толтыруды талап ететіндіктен тергеу орны тиісті шаралар қабылдауға міндетті, ал оның бірі мүлікке тыйым салу болып табылады.

Мүлікке тыйым салу іс жүзінде бұл аталған мәселелер едәуір қиындықтар туындатып, әр қилы шешіледі, іс жүргізетін лауазымды адамдарды және процестің мүдделі қатысушыларын күрделі жағдайға иіктіреді. Осыдан оларды барынша тереңірек зерттей және мүлікті пайдалануға тыйым салуды қылмыстық сот жүргізу мәселелерін шешуге процессуалдық мәжбүрлеу шарасы ретінде қарауды одан әрі жетілдіру қажеттілігі туындайды.

Жалпы зерттеу барысында, ең алдымен бұл мәселені жете түсіну үшін оны тереңімен қарастыра отырып, өз тарихымызға сонымен қатар шет елдердің тәжірибелеріне шолу жасауды жөн деп санадық (мүлікке тыйым салу шарасының тарихын, алғашқыда қалай аталды, қандай заңдарда қай бағытта өрістеді, оған енгізілген өзгерістермен қосымшалар қандай, сол сияқты өзге де мәселелер).

**Гаухар КАЛИЕВА**, старший преподаватель кафедры МЭ и МО, Карагандинского экономического университета Казпотребсоюза, 10009, Республика Казахстан, г.Караганда, ул. Академическая, 9.  
kalievag@list.ru, +77003288036

## ПРАВОВОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ СУДОВ И ПОЛИЦИИ НА ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСТАНА В КОНЦЕ XIX ВЕКА

В данной статье рассматривается судебная система и полицейская конца XIX века на одной из окраин Российской империи, которой являлась территория Казахстана. Автором статьи был проведен ретроспективный анализ. Автор дает хронологическую последовательность изменения и эволюцию судебной системы и полиции. В статье отражены особенности функционирования судебной системы и полиции в отдаленных регионах империи. Автор особо отмечает что, во второй половине XIX века судебная система на территории Казахстана полностью перейдет на общеимперскую систему, и приведет к ужесточению правовой системы в целом и в том числе судебной системы и полиции.

**Ключевые слова:** суды, полиция, империя, система, регион.

**Гаухар КАЛИЕВА**, ӘӘ және ХҚ кафедрасының аға оқытушысы, Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, 10009, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., Академическая, к.9.  
kalievag@list.ru, +77003288036

## XIX ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫНДА ҚАЗАҚСТАНДА ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІ СОТТАР МЕН ПОЛИЦИЯ

Бұл мақалада XIX ғасырдың соңындағы сот жүйесі мен полициясы Қазақстан аумағы болатын Ресей империясының шетіндегі бірде-біріне қаралады. Мақала авторы ретроспективті талдау жасады. Автор өзгерістердің хронологиялық реттілігін және сот жүйесі мен полицияның эволюциясын береді. Мақалада империяның шалғай аймақтарындағы сот жүйесі мен полицияның қызметі туралы айтылады. Автор XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстандағы сот жүйесі бүкіл империялық жүйеге толығымен ауысады және тұтастай құқықтық жүйені, соның ішінде сот жүйесі мен полицияны қатандатуға әкеледі деп атап көрсетеді.

**Түйінді сөздер:** соттар, полиция, империя, жүйе, аймақ.

**Gaukhar KALIYEVA**, Senior Lecturer, Department of ME and MO, Karaganda Economic University Kazpotrebsoyuz, 10009, Republic of Kazakhstan, Karaganda, ul. Academicheskyy, 9.  
kalievag@list.ru, +77003288036

## LEGAL REGULATION OF VESSELS AND POLICE ON THE TERRITORY OF KAZAKHSTAN IN THE LATE OF THE XIX

This article examines the judicial system and the police of the late nineteenth century on one of the outskirts of the Russian Empire, which was the territory of Kazakhstan. The author of the article made a retrospective analysis. The author gives a chronological sequence of changes and the evolution of the judicial system and the police. The article reflects the functioning of the judicial system and police in remote regions of the empire. The author emphasizes that, in the second half of the nineteenth century, the judiciary system in Kazakhstan will completely shift to the all-imperial system, and lead to a tightening of the legal system in general, including the judiciary and the police.

**Keywords:** courts, police, empire, system, region.

С момента присоединения территории Казахстана к Российской империи царская власть предпринимает ряд мер по внедрению общеимперской правовой системы, в том числе и судебной. После введения управления сибирским краем в 1822 году, где предложено особое управление Омской областью, куда вошла территория младшего жуза Казахского государства.

Согласно данному управлению на территории младшего жуза вводился окружной приказ, который выполнял функции судебной инстанции, где надзорным органом был областной суд. В его компетенции были уголовные дела. С момента принятия нормативного акта, рассматриваемые дела

стали дифференцировать на гражданские и уголовные. Основную часть рассматриваемых дел изымали у так называемого "народного суда" т.е., суда биев.[1]

С введением управления областью Оренбургских киргизов (казахов) в 1824 году были введены военный суд, отдел расследования уголовных дел, отдел расследования гражданских, мировой словесный суд. [6]

Во второй половине XIX века в результате реформ 1867 - 68 годов были введены военно-судебная комиссия, также в качестве судебной инстанции областное правление, уездный суд.

К концу XIX века на территории Казахстана действует мировой суд, съезд судей, окружной суд, судебная палата, правительствующий сенат, выполнявший функции кассационного суда.

В начале XX века в связи с нестабильностью на территории империи вводилось военное положение во многих регионах страны, в том числе и на территории Казахстана. В 1916 в июле месяце Особый временный военный суд, в декабре того же года военно-полевые суды.

Всю историю развития судебной системы Российской империи можно условно разделить на три части: до реформы 1864 года, после нее и период контрреформ.

С целью приближения правовой системы к общеимперской и облегчения введения общероссийских законов и судебного процесса вносятся значительные изменения. Прежде всего, разграничиваются уголовные преступления и гражданские правонарушения, и разные категории дел относятся к ведению судов различной категории. Это, прежде всего военные суды, пограничные комиссии, мировой словесный суд при пограничной комиссии.

Одним из важных нововведений Положений 1867 - 1868 годов стало распространение на территории Казахстана действия общеимперских судов. Военно-судебные комиссии, областное правление, уездные суды.

Судебные учреждения представляли собой независимую ветвь власти и не относились к числу губернских учреждений. Судебные округа не обязательно совпадали с губерниями, и не в каждой губернии была судебная палата, нижняя судебная инстанция - окружные суды, напротив, в некоторых случаях охватывали территорию менее губернии. Наряду с систематизацией правовой системы, в том числе и судебной во всех отдаленных районах империи данные принципы распространялись и на территорию Казахстана лишь с учетом специфики региона. В рамках ликвидации независимости одно из закреплений на территории Казахстана это политического смена системы управления. Учитывая важность деятельности биев в Казахском государстве не только судебные функции, а в какой-то мере консолидирующий аспект ломке была подвергнута и судебная система. Полномочия биев были ограничены.

Положением 1886 года была введена должность мирового судьи.

Положение 1891 года определили полномочия мировых судей, съездов мировых судей, окружных судов, судебных палат, Правительствующего Сената. Нововведение было появление окружного суда.

Судебное устройство Степных областей по Положению 1891 года было таким же, как в Туркестане с 1886 года

В Туркестанском крае судебная власть принадлежала: Мировым судьям, Областным судам и Правительствующему Сенату.

Областной суд состоял из Председателя, который получал жалование 2250 рублей, столовых 2250 5 разряда по должности, по пенсии третий разряд;

члены областного суда в количестве 3 человек - жалование на одного - 1250, столовых 1250, по должности шестой разряд по пенсии третий; Секретарь жалование 600, столовых 600, по должности восьмой разряд по пенсии шестой; помощники секретаря в количестве трех человек - жалование на одного - 400 рублей, столовых 400, по жалованию - девятый разряд, по пенсии седьмой; переводчик - 500 рублей, столовых - 500, по должности - 9 разряд, по пенсии - 7; Прокурор - 1750, столовых 1750, по должности 5 разряд, по пенсии - 3 разряд; Товарищи прокурора в количестве 3 человек - жалование 1000, столовые - 1000 рублей, по должности - 7разряд, по пенсии 5; На канцелярию прокурора, его товарищей и переводчиков - 3000 рублей; судебный следователь - 900, столовые - 900, по жалованию - 7 разряд, по пенсии - 5; ему на канцелярию и переводчика - 700 рублей;[5]

Мировые судьи по количеству 12, жалование - 1000, столовых 1000, по должности 6 разряд, по пенсии 3, им на канцелярские расходы и наем переводчиков - 800, Мировые судьи, исполняющие вместе с тем обязанности Следователя по количеству 4 человека - 1150, столовых 1150, по должности 6 разряд, по пенсии 3 разряд, им на канцелярские расходы, наем переводчиков и на разряды - 1200 рублей, помощники мировых судей в количестве 11 человек, жалование - 750 рублей, столовые - 750, по должности 7 разряд, по пенсии 5 разряд, им на канцелярские расходы, наем переводчиков и на разъезды - 1000 рублей. Распределение суммы, на канцелярские расходы областных судов, между ними судами зависимость от министра юстиции, а распределения сумм на канцелярию, прокурора, его товарищей и на переводчиков - от подлежащих прокуроров, наем и отопление помещений областных судов и прокурорских камер, а также другие хозяйственные расходы по сим помещениям и камерам, относятся на счет особой суммы, назначаемой на этот предмет сметой Министерства Юстиции. Расходы по найму и устройстве камер для мировых судей покрываются на счет земского сбора.[7]

Судебная власть в Туркестанском крае принадлежала Мировым судьям, Областным Судам и Правительствующему сенату.

Имели право на отпуск в соответствии со статьями 126,136 - 139 членам областных судов, Мировым судьям, помощникам мировых судей, судебным следователям на срок не более двух месяцев.

Право ходатайствовать по чужим делам предоставляется лицам, согласно статьям Учреждения судебных установлений (родителям, супругам, детям) и лицам, имеющим одну общую с доверителем тяжбу, или заведующим по доверенностям именными или делами тех тяжущихся. И это в том случае если есть городах, где проживают достаточное число присяжных поверенных, тяжущиеся могут давать доверенности на хождение по делам только лиц принадлежащих к поверенным. Соответственно, количество присяжных определяется министром юстиции в особой табели

через Государственный совет высочайшим утверждением.

Областной суд имел право проводить ревизию Мировых судей, их помощников и судебных следователей.

Судья мог рассматривать дело без истца по ходатайству в исковом решении. Решение суда может быть передано копией и обжаловать можно с момента получения.

Суды представляли собой Судебные учреждения представляли собой независимую ветвь власти и не относились к числу губернских учреждений. Судебные округа не обязательно совпадали с губерниями, и не в каждой губернии была судебная палата, низшая судебная инстанция - окружные суды, напротив, в некоторых случаях охватывали территорию менее губернии.

На старейшего члена Областного суда возлагались обязанности Советного судьи по делам советных разбирательств

Одному из членов Областного суда присваиваются обязанности неперменного члена Мирового съезда. А именно: согласно Учреждению судебных установлений от 20 ноября 1864 года "В местах, где собираются срочные мировые съезды, одному из мировых судей, по общему их соглашению, поручаются как приготовленные решения по делам, подлежащим рассмотрению съезда, так и исполнение других обязанностей, особо возложенных на него уставами уголовного и гражданского судопроизводства. Этот мировой судья именуется неперменным членом мирового съезда.

Следствие производилось мировыми судьями и помощниками судей, или лицами их заменяющими. Судебные следователи при областных судах приступали к следствию предложением прокурорского надзора. Судебный следователь должен был сообщить немедленно о начале следствия.

Об окончании и продолжении следствия лицо производившее следствие обязано оповести подсудимого.

Доследование возлагалось на лицо производившее следствие на Помощников мировых судей либо судебного следователя.

Охрана имущества и вызов наследников возлагались на мировых судей.

Дела подсудные народным судам могли быть рассмотрены мировыми судьями если есть согласие истца и ответчика с занесением в протокол мирового судьи.

Решение мирового судьи являлось окончательным, если цена иска не превышала 50 рублей или по делам подсудным народному суду по соглашению истца и ответчика.

Областные суды могли рассматривать дела о торговой несостоятельности на правах коммерческого суда. Явочные акты отмечались мировыми судьями. Подпись, почтовое объявление, доверие на подачу дела за другого, допускались и местным полицейским чинами. Заведывание Опекунской частью возлагались на мировых судей.

Мировые судьи, Помощники судей, Судебные следователи могли быть подвергнуты следующим взысканиям - предостережению, замечанию, выговору без внесения в послужной список. За должностные преступления предавались суду - чиновники канцелярии, помощники мировых судей, судебные следователи, мировые судьи, председатели и члены областных судов, областные прокуроры и их товарищи. Их дела рассматривались в областных судах, сами же члены областного суда пятым департаментом правительствующего сената. Жалобы на решения мировых судей подавались в областные суды.

Что касается материальной стороны деятельности судов, то в Туркестанском крае Председатели областных судов получали жалование и столовые - 4500 рублей (чиновник - V класса, по пенсии - III класс), члены областного суда которых было 3 по 2500 (чиновник - VI класса, по пенсии - III класс), секретари - в количестве одного человека 1200 (VIII класса VI), три помощника секретаря - 800 (IX, VII), один переводчик - 1000, прокурор - 3500 (чиновник - V класса, по пенсии - III класс), товарищи прокурора - в количестве трех человек по 2000 (VII класса, по пенсии - V класса), судебный следователь - 1800 (VII класса, по пенсии - V класса). Отличие Сыр-Дарьинском областном суде и Ферганском по 3 члена областного суда, в Самаркандском 2, Помощники секретаря в Сырдарьинском - 3, в Ферганском 2, Самаркандском 1, На канцелярские расходы в Сыр-Дарьинском - 3000, Ферганском и Самаркандском по 2000. В Самаркандском областном суде нет судебного следователя. Его функцию согласно судебным установления выполнял судья либо один из помощников в основном старший. Мирской судья получал жалование и столовые - 2000. Всего их в Туркестанском крае было 12 (VI класса, III класса по пенсии), мировые судьи выполнявшие обязанности следователей - четыре человека столовых и жалование - 2300 рублей, (VI класса, III класса по пенсии). [5]

Судебные установления по положению 1891 года председатель областного суда Семиреченской области получал на 500 рублей больше, когда как судьи Акмолинской, Семипалатинской, Уральской областей получали по 3500 рублей. Акмолинской и Семиреченской областях по 3 члена областного суда, а также помощников судьи. Акмолинской области 3 товарища прокурора, 2 в Семиреченской, по 1 в Уральской и Семипалатинской. Соответственно производилась разная оплата.

По сути полицейские функции с момента введения реформ с 1822 года на территорию Казахстана выполняли главы региона специальных структур и должностей не было предусмотрено, в нормативных актах нет информации о наличии таковых. При описывании в законах функций и обязанностей говорится о том, что охрана порядка в пределах округа и иных подразделениях выполняли чиновники окружного приказа по "уставу о сибирских киргизах", затем в пограничное управление. В результате реформы 1824 года "Устава об Оренбургских киргизах" система управления была несколько иная и полицейские функции переходили Оренбургской



пограничной комиссии и с 1859 в Областное управление. После реформ 1867 - 68 годов функции административно-полицейского аппарата в области переходили к военному губернатору. К концу XIX века на территории Казахстана появляются полицейские управления в уездах, а также в определенных районах стантовые приставы, полицмейстеры и полицейские приставы.

Согласно штатному расписанию в Омской области, в составе которой находилась часть территории Казахстана городское управление как отмечено в нормативном документе управление проходит также как и городском управлении в Губерниях Сибири.

Полицейские управления в многолюдных городах состояли из управ и частей. Управа делилась в свою очередь на общую и частную, части: медицинская, строительная. В средненаселенных не было общего управления, было только частное, соответственно должности были совмещены в частном управлении городничий и надзиратели кварталов. Общая управа: Городничий - 1, частный пристав - 3, канцелярия: секретарь - 1, столоначальники - 2. Частное управа: Частный пристав из числа надзирателей кварталов, надзиратели - 2. Медицинская и строительная части. В средненаселенных частных управах отличие было в количестве надзирателей - 3. Малолюдных обходились одним городничим.[4]

Функции городской полиции заключались в сохранение внутренней безопасности лиц и имущества мерами предупреждения и пресечения. Обнародование высочайших указов и постановлений правительства, вызовы к торгам, сыск разных людей и прочее, надзор благочиния в публичных собраниях, представление об определении и управлении чиновников полиции, о наградах и взысканиях, управление городскими казаками по особенному о них положению, также полицейскими служителями. В обязанности городской полиции входили также пожарная команда и ночная стража, пожарные заведения и вообще устройство полицейских помещений, часть квартирная по особенному положению, сношения с внутренней стражей, охранение чистоты, безвредное помещение фабрик и заводов, надзор за постройками частных домов по планам и фасадам, безопасность и исправность почтовых и обывательских подвод, выдача подорожных паспортов установленным порядком, надзор за заведениями приказа, надзор в продовольствии города хлебом, вином и солью, и составление вместе с Думою ведомостей о справочных ценах. Сведения о донесении о происшествии, прекращение всякого насилия, производство следствий и взятие под стражу обвняемых установленным законами порядком.[6]

Обязанности тюремной полиции заключались в продовольствии содержимых, одежде, освещении, благочинии. Исполнение судебных приговоров и определений высших мест по делам гражданским, казенными и уголовными, прием продовольствия и одежда ссыльных и отправление их к местам назначения, свидетельство сумм и казенных имуществ в казначействах и магазинах хлебных, соляных и винных, вексельные дела: относятся взыскания по безспорным обязательствам или отсылка оных в судебных местах,

если предъявлено будет противоречие, сверх сего Полиция, как в частных управах, так в управлении общей, принимала письменные и словесные жалобы в "маловажных обидах", разбирала и решала их на основании узаконений. На частную управу приносят жалобы в общую. Частная управа производила первоначальные следствия, общая их ревизировала и отсылала в суд по принадлежности.

Полицейское управление в городах со средним населением была представлена городничим и городской частной полицией. Управа состояла в свою очередь из городничего и квартальных надзирателей. Функции были такие же, как и в городах "многолюдных". В "малолюдных" городах городскую полицию представлял городничий.

В отдельном положении об управлении сибирскими киргизами от 1838 года пограничное управление состояло из трех отделений. Исполнительное отделение, которое занималось "устройством полиции", наблюдение за действиями полиции, взыскание за медленность и неправельность действий, побуждение к скорому движению дел и уголовных действий, и вообще все, что относилось до части исполнительный. Само пограничное управление было представлено председателем - в звании полковника (либо подполковник) жалование 3000 рублей, на квартиру 750 рублей, на экстраординарные расходы 10000 рублей, советники в количестве 3 человек каждому 2000 рублей, 6 класса, советник из киргиз(казахов Г.Калиева) в количестве 1 человека и жалование 1000 рублей, 7 класса, на квартиру 500 рублей, ассесор в количестве 1 человека, 1500 рублей, 8 класса, секретарь - 1000 рублей, 9 класса, столоначальники в количестве 6 человек, каждому 750 рублей, 10 класса, надсмотрщик в количестве 1 человека, жалование 1000 рублей, 10 класса, стряпчий казенных и уголовных дел в количестве 1 человека, жалование 1800 рублей, 7 класс. Бухгалтер в количестве 1 человека, 1150 рублей, 10 класса, экзекутор, он же казначей в количестве 1 человека, 950 рублей, 10 класса, журналист в количестве 1 человека 950 рублей, переводчик в количестве 1 человека, 800 рублей, 10 класса.[7]

Согласно положению об управлении Туркестанским краем 1886 года административно-полицейское заведывание уездом сосредотачивалось в лице уездного начальника и все права и обязанности уездного исправника и уездного полицейского управления. Для определенных районов учреждались участковые приставы, имеющие права стантовых приставов. В некоторых уездах таких как Чимкентском заведывание пригородным участком возлагалось на помощника уездного начальника. Участковые приставы, полицмейстеры и полицейские приставы определялись и увольнялись военным губернатором. Участковый пристав мог подвергнуть туземцев (коренных жителей, казахов в данном случае Г.Калиева) аресту не свыше трех дней или денежному взысканию не свыше пяти рублей. Постановления участковых приставов могли быть обжалованы в течении семи дней, считая с момента постановления уездных начальников. Жалобы на постановление участковых приставов приносили уездному начальнику. В городах, где отсутствовали уездные начальники, назначались

уездные приставы, в городах населенных туземцами высший полицейский надзор поручался на старших (аксакалов) и назначался военным губернатором. В русских частях для выполнения полицейских функций нанималась команда полицейских стражей. Где нет вольнонаемных для полицейской службы привлекали из низших чинов местных войск в распоряжение полицмейстера и пристава. Таким образом судебная система была преобразована в общую судебную систему Российской империи. Последующие изменения нормативно-правовых актов по судам усиливали влияние имперскую законодательную базу. Роль "народных судов" отходила на второй план. Законодательные преобразования преследовали цель не только унификации правовой основы, но и к децентрализации власти на территории региона. Структуры полиции, ранее не нуждавшиеся в широком применении со временем также будут направлена на уселение и укрепление колониальной политики на территории Казахстана. В последствии в связи с введением военного положения революций и первой мировой войны влияние военно-полицейского режима будет усиливать, а временные положения, рассчитанные на два-три года составят нормативно-правовую базу вплоть до революций 1917 года.

#### **Список литературы:**

1. Абиля Е.А. История государства и права Казахстана: курс лекций. Караганда: ТОО "Учебная книга", 2005. - 256 с.
2. Именной, данный Генерал-Поручику Барону Игельструму. - О разделении степи для Киргизцев на три части, о построении городов, мечетей, школ и

гостиных дворов, о разборе в пограничном Суде одних судных гражданских и уголовных дел и о заведении Расправы. // "Свод законов Российской империи" // Под. ред. И.Д. Мордухай - Болтовского. С. - Петербург. 1912. 427с.

3. Высочайшее утвержденное положение об отдельном управлении Сибирскими Киргизами. // "Свод законов Российской империи" // Под. ред. И.Д. Мордухай - Болтовского. С. - Петербург. 1912. 427с.

4. Именной, данный Генерал-Прокурору. - Об учреждении в трех главных родах Киргиз-Кайсацкой меньшей Орды еще по две Расправы и по одному Муллу и о заведении одного Суда в обществе Джагалбайменском. // "Свод законов Российской империи" // Под. ред. И.Д. Мордухай - Болтовского. С. - Петербург. 1912. 427с.

5. Штат расходов на счет Казначейства по управлению Киргиз-Кайсаками средней Орды (Для одного Округа). // "Свод законов Российской империи" / Под. ред. И.Д. Мордухай - Болтовского. С. - Петербург. 1912. 427с.

6. Высочайше утвержденное положение об управлении Оренбургскими Киргизами. // "Свод законов Российской империи" // Под. ред. И.Д. Мордухай - Болтовского. С. - Петербург. 1912. 427с.

7. Примерный штат Сибирского управления. Часть первая. Общее образование управления. // "Свод законов Российской империи" // Под. ред. И.Д. Мордухай - Болтовского. С. - Петербург. 1912. 427с.

8. Учреждение для управления Сибирских Губерний. // "Свод законов Российской империи" // Под. ред. И.Д. Мордухай - Болтовского. С. - Петербург. 1912. 427с.

**Гүлдана ҚАРЖАСОВА**, PhD докторы, доцент Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті 100009, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., Академическая 9 көшесі, GKB24@mail.ru, +8 775 207 88 68.

**Ерлан КАСЕНОВ**, Қарағанды облысы ІІД жедел жоспарлау басқармасының жедел кезекшісі полиция майоры, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., GKB24@mail.ru,

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ- ЗАМАНАУИ КЕЗЕННІҢ АХУАЛДЫ МӘСЕЛЕСІ

Бұл мақаладағы сыбайлас жемқорлық мәселесі еліміздің ғана емес ғаламдық мәселе болып табылады. Бұл мәселенің бүгінгі таңдағы көтерілу дәрежесі жоғары, сондықтан бұл мәселенің шешілу жолдарын көрсету, күресу, алдын алу шараларын қолдануды көрсету өте маңызды.

**Түйінді сөздер:** Сыбайлас жемқорлық, сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, пара, пара беру, пара алу.

**Гүлдана ҚАРЖАСОВА**, доктор PhD, доцент Карагандинский экономический университет 100009, Республика Казахстан, г. Караганда, Академическая 9, GKB24@mail.ru, +8 775 207 88 68.

**Ерлан КАСЕНОВ**, Оперативный дежурный Управления Оперативного Планирования, майор полиции, Республика Казахстан, г. Караганда, GKB24@mail.ru,

## КОРРУПЦИЯ-ГЛОБАЛЬНАЯ ПРОБЛЕМА СОВРЕМЕННОСТИ

В данной статье рассматривается проблема коррупции, так как это проблема не только нашей страны, а проблема мирового масштаба и значения. Этот вопрос имеет высокий уровень актуальности, поэтому важно показать, как решать эту проблему, бороться с ней и принимать превентивные меры.

**Ключевые слова:** коррупция, разрушение, повреждение, ущерб, взятка.

**Guldana KARZHASOVA**, PhD doctor, assistant professor of KaragandaEconomic University of Kazpotreboysuz, 100009, Republic of Kazakhstan, Karaganda, Akademicheskaya str 9, GKB24@mail.ru, +87752078868.

**Yerlan KASENOV**, Operational Duty Officer, Office of Operational Planning, Police Major, Republic of Kazakhstan, Karaganda, GKB24@mail.ru,

## CORRUPTION IS A GLOBAL PROBLEM OF OUR TIME

This article looks at the problem of corruption, because this is a problem not only of our country, but a problem of world scale and significance. This issue has a high level of relevance that is why it is important to show how to solve this problem, fight it and take preventive measures.

**Key words:** corruption, destruction, damage, damage, bribe.

Мемлекетімізде басқару аппаратымен бірге пайда болған сыбайлас жемқорлық - әлемнің ешқандай елі, ешқандай саяси жүйесі сақтандырылмаған жағымсыз құбылыс. Ол - саяси, экономикалық, қылмыстық түбірге ие бола отырып, адам қызметінің барлық аясына кіреді, яғни саяси, әлеуметтік өмірді бұрмалайды, экономикалық өсуді бөгелтеді, демократияның негіздерін сетінетеді, азаматтардың мемлекетке деген сенімін түсіреді. Өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтыра отырып [1], егемендік тізгінін қолына алғанына жиырма жеті жылдық тәжірибесі бар мемлекетіміз үшін жемқорлықпен күрес мәселесі басымдылық көрсетіп отырған міндеттерінің қатарынан түскен емес.

"Сыбайлас жемқорлық" деген түсініктің түбірінде - "параға сатып алу", "пара" ретінде, "corruptio" деген латын сөздері жатыр. Рим құқығында сондай-ақ "concupire" түсінігі болған, ол жалпы сөзбен айтқанда - "сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау,

жалғандау, параға сатып алу" деген түсінік бере отырып, құқыққа қарсы іс-әрекетті білдірген [2, 65б].

Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипаттайды [3,122б]. Жемқорлық - мемлекеттік басқару құрылымдарындағы лауазымды қызметкерлердің өздеріне тапсырылған қызмет мүмкіндіктерін жеке бастарының пайдасы мен мүддесі үшін пайдалану мақсатында жасаған қоғамға қауіпті қылмыстық іс-әрекеттері. Жемқорлықтың жалпылама белгілері: лауазымды адамның өзінің немесе делдал арқылы пара берушінің немесе оның өкілі болған адамның пайдасына жасаған іс-әрекеті (әрекетсіздігі) үшін ақша, бағалы қағаздар, өзге де мүлік, мүлік құқығы немесе мүлік сипатындағы пайда түрінде пара алу, туыстық, жерлестік, т.б. жақындықтарына байланысты қызметке ретсіз қабылдау және көтермелеу, сондай-ақ, мемлекеттік және қоғамдық мүліктерді талан-таражға салу [4, 29б].

Жемқорлықтың пайда болуының басты бір себебі: қоғамда өмір сүру нормалары сақталмайды, заңдар болғанмен, оны ешкім басшылыққа алмайды. Заңды талаптарың орындалмайды, істеген жұмысына лайық сыйақы ала алмайсың. Басқалары, ептілер аяғыннан шалып, жолыңды орап кетеді. Соны өз көзінмен көргеннен кейін сол жолға түсуге мәжбүр боласың. Еткен еңбегіңе, біліміңе, күш-жігеріңе деңгейлес шен алу үшін амалсыздан заңсыз жолға түсуге мәжбүр боласың. Өйткені, қазіргі қоғамда қалыптасқан ахуал солай болып тұр. Әрбір қызметкер жұмысын өзіне жүктелген мөлшерде, жалақысы төңірегінде адал қызмет етсе, атқарған қызметі үшін қосымша сый дәметпесе, адамдар пара беруге ешқашан ұмытылмас еді. Қоғам да заңмен жұмыс істеп, одан тыс әрекеттерге бармас еді.

Мемлекетте жемқорлықтың бел алуы көлеңкелі экономиканың пайда болып, экономикалық өсу қарқынының тежелуіне және әлеуметтік, саяси шиеленістердің күрт асқынуына ұрындырады. Сонымен қатар жоғары лауазымды мемлекеттік қызметкерлер жаппай жемқорлыққа салынған жағдайда құқық қорғау органдары оларды жасаған қылмыстары үшін қылмыстық жауапкершілікке тарта алмайтын жағдай қалыптасады. Жемқорлық жасалу түрлеріне қарап екіге бөлінеді: жекелеген лауазымды қызметкерлер жасаған қылмыстық іс-әрекет және бірнеше лауазымды қызметкерлер бірігіп жасаған қылмыстық іс-әрекет [5, 786]. 1989 жылы әлемнің дамыған 37 мемлекеті халықаралық бизнестегі жемқорлыққа қарсы күресу туралы конвенцияға қол қойды. Қазақстанның халықаралық бизнестегі жемқорлыққа қарсы күрес конвенциясына қосыла отырып, ТМД мүшелерінің ішінде ең алғашқылардың бірі болып 1998 жылы "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" заңды қабылдады. Одан кейін нарықтық экономикаға туындаған мәселелерге қатысты қоғам талабына сай жаңа заң жобасы 18.11.2015 ж. қабылданды.

Осы Заң сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді және Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға бағытталған."- деген сипаттама береді [6]. Сыбайлас жемқорлық - жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат - сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, қоғамның мемлекеттік органдар қызметіне сенімін арттыруға бағытталған құқықтық, әкімшілік және ұйымдастырушылық шаралар және осы Заңға сәйкес өзге де шаралар. Қарсы шектеулер - осы Заңда белгіленген және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың

алдын алуға бағытталған шектеулер. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі. Аталмыш заң азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден еліміздің ұлттық қауіпсіздігін қамтамсыз етуге, жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған. Қоғамымыздың барлық саласына дендеп еніп бара жатқан жемқорлықтың жолына батыл тоқсауыл қойып, олардың зардаптарын жою және мүдделілерді жауапқа тарту - еліміздің ең басты міндеттерінің алдыңғы шебіннен ешқашан түскен емес. Бұл мәселенің маңыздылығы 2012 жылғы 14 желтоқсандағы "Қазақстан-2050" Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" атты Мемлекет басшысы Н.А. Назарбаевтың еліміз халқына арналған Жолдауында көрсетілген. Онда мемлекет пен қоғам бірлесе отырып сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұруы керектігі атап өтілген. Мемлекет пен қоғам жемқорлыққа қарсы күресетін бір күш болуға тиіс. Жемқорлық - жай құқық бұзушылық емес. Ол мемлекеттің тиімділігіне деген сенімді сетінетеді және ұлттық қауіпсіздікке төнген тікелей қатер болып саналады. Біз түпкі мақсатымыз - жемқорлықты құбылыс ретінде жою үшін жемқорлыққа қарсы заңнамаларды жетілдіру арқылы жемқорлықпен күресті қатты күшейтуіміз керек [7]. Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлықты азайту және жою үшін жалпы мемлекеттік шаралардың біртұтас кешені жасалды, мемлекеттің қаржылық бақылау тетігін қолдану жолымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды қарастырған бірқатар заңдар, сыбайлас жемқорлықпен күрес бағдарламалары қабылданды. 1998-2015 жылдары аралығында қабылданған заңдық актілер, сыбайлас жемқорлықпен күрестің Мемлекеттік бағдарламаларын талдау барысында, оларда сыбайлас жемқорлыққа қарсы әлеует салынған және сыбайлас жемқорлықтың қарсы іс-қимылды заңды қамтамсыз ету шараларының бірқатары жүзеге асырылғанын көрсетеді. Бірақ, осы күнге дейін қолданылған шаралардың нәтижесі байқалмайды, сыбайлас жемқорлық қоғамның барлық құрылымдарын уландыруда, ол жайында бұқаралық ақпарат құралдарындағы көптеген мақалалар куә. Сыбайлас жемқорлықтың биік латенттігі себебінен, ресми санақ оның деңгейі мен даму серпінін толық мөлшерде ашып көрсете алмайды. Сыбайлас жемқорлықпен күрестің тетіктерінің қаталдандырылуы өз бетінше онымен күрестің нәтижелі құралы бола алмайды, сондықтан жауапкершілікті күшейту және сыбайлас жемқорлық қызметтері үшін жазалар басқа да кешенді

шаралармен үйлестірілуі керек, соның ішінде мадақтау және ынталандыру құралдарын қолдану, сатылмайтын және адал парызды насихаттау, сондай-ақ мемлекеттік істерді басқару тетігінің жетілдірілуі қажет. Көрсетілген жағдайлар сыбайлас жемқорлық мәселелерінің жағымсыз әлеуметтік-саяси, экономикалық және құқықтық құбылыс ретінде зерттелуі оның қоғамдағы көкейкестілігін куәландырады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың қазіргі кезеңдегі негізгі белгісі ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат субъектілерінің әріптестігі қағидасына, онымен күресу кезінде алдын алу шаралары мен ізгілік бастауларының басымдылығына негізделген оның жалпыхалықтық сипаты болуы керек [8].

Сыбайлас жемқорлықты билік қатаң заңдарды қолданумен, ауыр жазаларға барумен, қорқытумен ғана жеңе алмайды ғой, өйткені, ол қоғамдағы жағдайға, адамның рухани-имандылық деңгейіне байланысты дүние. Роберт Оуэн айтқандай, адамдардың руханияты олар өмір сүргіп жатқан ортаға, қоғам ахуалына тікелей байланысты. "Ақылды, сезімге бай адамдарды тәрбиелеу үшін, - деп жазды ол, - алдымен қолайлы жағдайды жасау керек, сонда ғана адамдардан парасаттылықты күтуге болады". Сол парасаттылықтың аздығы да жемқорлықтың ауыздықталмауына себепші болуда.

Ойшыл Ш.Құтаяқовтың пайымдауынша сыбайлас жемқорлық, көзге көрінбейтін қылмыстардың қатарында болғандықтан оның ізіне түсіп, қолынан ұстап алу қиын. Ол табиғатында құпия түрде жүзеге асырылатын жымысқы қылмыстар қатарына жатады. Ұстала қалған күннің өзінде неше түрлі тұлкі бұлтаңға салып, жазадан сытылып кетудің сан түрлі айдаларын іздейді. Бірақ не нәрсенің де шегі бар, қанша жерден құтылып кетуге тырысса да жұртшылық алдында бет пердесі ашылады. Бұл арада бұқаралық ақпарат құралдары арқылы беріліп жататын қылмыстық хроникалар, жемқорлық тақырыбындағы түрлі жанрлы хабарлар, мерзімді басылымдардағы әшкерелеу мақалалары, ресми семинарлар мен басқада бас қосуларда осы мәселелер төңірегіндегі ой бөлісу саяси ерік-жігерді арттыра түседі. Бірақ бұл арада "жемқорлық-қоғамдық дерт, онымен баршамыз аяусыз күрес жүргізуіміз керек" деген сияқты үндеулерден гөрі сыбайлас жемқорлық нақты адамдарға қандай нақты кесепатын, зиянын тигізді деген сауалдарға жауап іздеген әлдеқайда ұтымды болмақ [9]. Бұдан байқайтынымыз, жемқорлықпен күрестегі негізгі әрекеттердің алдыңғы қатарында азаматтардың құқықтық санасын көтеру қажеттілігінің болуы. Азаматтар ел ішіндегі қоғамдық тәртіпті нығайтуға, қылмыспен күреске бастайтын маңызды қадам - сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселесіне саналы түрде келуі керек.

Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендететіні, қоғамда демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіретіні белгілі. Ең бастысы - адамдардың қоғамдық демократиялық негізіне деген сеніміне, заң мен әділдікке деген сеніміне, түптеп келгенде, билікке деген сеніміне сызат түсіретіні даусыз.

Мемлекеттіліктің тамыры терең жайған сайын сол мемлекеттің қоғамдағы қалыптасып келе жатқан жаңа мәселелері де қоғам санасының дамуы мен мәдениетінің әртүрліленетіндігін ескере отырып мемлекет тарапынан қолданатын шараларының да заманауилылығы қалыптасуы керек. Қазіргі таңдағы қолданылып жүрген техникалық инновациялар мен ноу-хауларды қолдану арқылы сыбайлас жемқорлықты етек алуын қысқартып алдын алу шаралары бір жүйеге келтіріліп жыл сайын жаңартылып отырылуы қажет.

Қазіргі қоғам санасында қалыптасқан пікірді, мемлекетке деген сенімінің төмендеуі себептерін жоққа шығару үшін көптеген шаралар жасалып жатыр, сондада күнделікті көріп, есітіп жүрген паракорлық туралы ақпараттар азаматтарымыздың санасындағы пікірлерін өзгертуге ешқандай мұрша беріп жатқан жоқ, бұл әрине мемлекетіміз үшін адал еңбегін сіңіріп жүрген азаматтарымыздың әттеген-ай дейтін тұстары өкінішке орай.

Сыбайлас жемқорлық мәселесін зерттей отырып, сыбайлас жемқорлық мүдделі топтардың экономикалық мүдделерінің көлеңкелі ықпал ету түрі ретінде осы мәселеге қатысты төмендегідей түйін жасауға болады.

Біріншіден, барлығы мойындағандай, сыбайлас жемқорлық - саясаттың ажырамас бөлігі болып табылады. Өйткені лауазымдық тұлғаның игіліктерді бөлуге құқығы бар жерде, мүдделі тұлғалар тарапынан үнемі әлеуметтік үқсастық жасау мүмкіндігі болып тұрады. Яғни, игілік деп біз тек қана материалдық ресурстарды меңзеп тұрмаған болармыз, сонымен қатар оған лауазым иесінің түрлі әрекеттерге тыйым салу немесе рұқсат ету тағы басқа құқығы да жатады.

Екіншіден, сыбайлас жемқорлық жоғары деңгейге көтерілуі бұл мәселеге шындап көңіл бөлуді талап етеді. Заманауи жемқорлықпен күресу шаралары тек қана репрессивтік сипатта болмауы қажет, заңнамалардың да жетілдіруіне баса назар аударған жөн.

Үшіншіден, осы қоғамдық зауалға қарсы қоғамның бірігуі жемқорлықпен күрестің жеңісіне қол жеткізуге мүмкіндік береді. Толығырақ қарастыратын болсақ, сыбайлас жемқорлықты терең зерттеуге толық қол жете қойған жоқ. Іс жүзінде, анық дүниенің өзіне өмір күнделікті өзгерістер енгізіп отыр. Болашақта көлеңкелі әрекеттер сыбайлас жемқорлықтың жаңа түрлерін туындатуы әбден мүмкін. Қоғам мен мемлекеттің алдындағы басты міндеті - осы қылмыстың деңгейін неғұрлым азайту болып табылады.

Жемқорлықты жағымсыз құбылыс ретінде жою үшін жемқорлыққа қарсы заңнамаларды жетілдіру арқылы жемқорлықпен күресті күшейте отырып, көлеңкелі жақты тудырган тұлғаны бұқаралық ақпарат құралдары арқылы масқаралау арқылы қоғамның, елдің санасына жемқорлықтың қандай қатерлі түнекке апаратын жол екендігін заң және БАҚ арқылы әбден санасына құйса - жақсы жетістіктерге әкелер ақ жол болар еді. Сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізуде құқықтық сананың ролін көрсету үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы күллі қауым

болып аяусыз күрес жүргізу баршамыздың болашақ ұрпақ алдындағы қасиетті парызымыз екендігін естен шығармауымыз қажет. Күрестің табысты болмағы өзіне де байланысты екенін Қазақстанның әрбір азаматы саналы түсінуі тиіс. Пара беретін адамдар - пара алушылармен бірдей жауапкершілікте болатындығын насихаттай отырып, қылмысты сырттан бағып, үнсіз қалмай оны әшкерелеуде белсенділік танытуымыз керек. Осындай күрделі мәселелерді күллі қауым болып қолға алсақ - істің әлдеқайда нәтижелі болары да күмән туғызбаса керек.

#### **Әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1995 жыл 30 тамыз (өзгерістер мен толықтырулар 10.03.2017 № 51-VI ҚР заңымен енгізілді). <http://www.zakon.kz>

2. Ағыбаев А.Н. Уголовно-правовые и криминологические меры борьбы с коррупцией: Уч. пос. - Алматы, 2003.

3. Д.Н.Ушаков. Большой толковый словарь современного русского языка. М., 2008.

4. Борчашвили И.Ш. Коррупционные преступления: закон, теория и практика. Монография. - Алматы: Жеті Жарғы, 2008.

5. Алауханов Е.О., Турсынбаев Д.Е. Борьба с коррупцией в государственных органах Республики Казахстан: Уч. пос. Под ред. Е.О. Алауханова. - Алматы. 2008.

6. "Сыбайлас жемқорлыққа іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңы. 18.11.2015 ж. (30.11.2016ж. өзгертулер мен толықтырулар). <http://www.zakon.kz>

7. [http://www.akorda.kz/ru/page/page\\_poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-n-nazarbaeva-narodu-kazakhstana-14-dekabrya-2012-g\\_1355499089](http://www.akorda.kz/ru/page/page_poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-n-nazarbaeva-narodu-kazakhstana-14-dekabrya-2012-g_1355499089)

8. Абдыкаримов О. Избавиться от ржавчины // Каз. правда. - 2012. 8 декабря.

9. Құтаяқов Ш. Қазаннан қақпақ кетсе. Астана, 2012.

**Ахметкали ШАЙМУХАНОВ**, заң ғылымдарының докторы, профессор, Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық Университеті, 100009, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қаласы, Академическая көш. 9, 87015998894

**Сайраш МУСАБЕКОВА**, Жалпықұқықтық және арнайы пәндер кафедрасы Ю-12П тобының магистранты, Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық Университеті, 100009, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қаласы, Академическая көш. 9, s.musabekova@bk.ru, 87476334742

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНАМАСЫНЫҢ ЖАЙ-КҮЙІ ЖӘНЕ ДАМУ ҮРДІСТЕРІ

Бұл мақалада Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы қылмыстық заңнамасының жай-күйі және даму үрдістері қарастырылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бүгінде елімізде мемлекеттік маңызы бар түйткілді мәселеге айналды, себебі бұндай әрекеттің мемлекеттің дамуына кедергі келтіріп қана қоймай, қоғамда өкіметке, билікке деген сенімсіздік тудырады. Қазіргі таңда мемлекет тарапынан жемқорлыққа қарсы күрес мақсатында ауқымды жұмыстар жүргізілуде.

**Түйінді сөздер:** сыбайлас жемқорлық, заңнама, Қылмыстық Кодекс, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл.

**Ахметкали ШАЙМУХАНОВ**, доктор юридических наук, профессор, Карагандинский Экономический Университет Казпотребсоюза, 100009, Республика Казахстан, г. Караганда, ул. Академическая 9, 87015998894

**Сайраш МУСАБЕКОВА**, магистрант группы Ю-12П, кафедры общеправовых и специальных дисциплин, Карагандинский Экономический Университет Казпотребсоюза, 100009, Республика Казахстан, г. Караганда, ул. Академическая 9, s.musabekova@bk.ru, 87476334742

## СОСТОЯНИЕ И ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ АНТИКОРРУПЦИОННОГО УГОЛОВНОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Данная статья рассматривает состояние и тенденции развития антикоррупционного уголовного законодательства Республики Казахстан. Противодействие коррупции сегодня стала проблемой национального значения в стране, поскольку она не только препятствует развитию государства, но и создает недоверие к правительству. В настоящее время правительство работает над широкомасштабной программой.

**Ключевые слова:** коррупция, законодательство, Уголовный Кодекс, противодействие коррупции.

**Akhmetkali SHAYMUKHANOV**, doctor of law, professor, Karaganda Economic University of Kazpotrebooyuz, 100009, Republic of Kazakhstan, Karaganda, Akademicheskaya str. 9, 87015998894

**Sairash MUSABEKOVA**, graduate student of the Ю-12П, the Department of General and Specialized Disciplines, Karaganda Economic University of Kazpotrebooyuz, 100009, Republic of Kazakhstan, Karaganda, Akademicheskaya str. 9, s.musabekova@bk.ru, 87476334742

## STATE AND DEVELOPMENT TRENDS OF THE ANTICORRUPTION CRIMINAL LEGISLATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

This article examines the state and development trends of the anticorruption criminal legislation of the Republic of Kazakhstan. Counteraction to corruption has now become a problem of national importance in the country, since it not only hinders the development of the state, but also creates distrust of the government. Currently, the government is working on a large-scale program.

**Keywords:** corruption, legislation, Criminal Code, counteraction to corruption.

Сыбайлас жемқорлық - жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол

сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат - сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, қоғамның мемлекеттік органдар қызметіне сенімін арттыруға бағытталған құқықтық, әкімшілік және ұйымдастырушылық шаралар және осы Заңға сәйкес өзге де шаралар;

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас

жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі

XX ғ. соңында сыбайлас жемқорлық жаһандық, әлемдік ауқымда таралып кетті. БҰҰ, Еуропа Кеңесі, Америка Мемлекеттері Ұйымы, Еуропалық Одақ, Еуропалық Комиссия, т.б. халықаралық ұйымдар сыбайлас жемқорлықпен күресу бойынша әр түрлі бағдарламаларды құрып, қабылдайды, көптеген елдер заңнамасы сыбайлас жемқорлықпен байланысты қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілікке тартады.

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының қысқа ғана тарихы бар. Оның себебі, XX ғасырдың 80-жылдарына дейін ресми билік Кеңес мемлекетінде сыбайлас жемқорлық құбылысы бар екендігін мойындамайтын. Іс жүзінде орын алған сыбайлас жемқорлық фактілері (мысалы, "Өзбек ісі") қалың жұртшылықтың назарына ұсынылып, талқыланбайтын. Тіпті "сыбайлас жемқорлық" терминінің өзі қолданылмай, бұл құбылыс "парақорлық", "билікті теріс пайдаланушылық" ұғымдарымен бүркемеленетін. Кеңес заманында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саяси сипат тасып, саяси билікті дүртіптеу құралы ретінде пайдаланылатын. Сыбайлас жемқорлықты теріске шығару саясаты қайта құру кезеңіне дейін жалғасып келді.

Қазақстан Республикасында тәуелсіздік алған мезеттен бастап бұл аса ауыр қылмыстарға қатысты қатаң мемлекеттік саясат қалыптасты. Еліміз ТМД мемлекеттерінің арасында бірінші болып 1998 жылы "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" арнайы заңын қабылдады. Кейіннен бұл саладағы ұлттық заңнаманы жетілдіру барысында Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы, Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенцияларын және басқада жалпы жұртта халықаралық актілерді ратификациялап, сыбайлас жемқорлыққа қарсы бүкіләлемдік қоғамдастықтың тең мүшесіне айналды.

Заманауи Қазақстанда сыбайлас жемқорлық құбылысының зияндылығы жайлы ашық айтылады. Еліміз мемлекеттік тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімді, әлемдік стандарттарға сай институттары мен тетіктерін құру бағытымен мақсатты және кезең-кезеңмен жүріп келеді.

Қазіргі кезде елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың үйлесімді жүйесі жасалған. Оның дамуына сыбайлас жемқорлықтың тиімді әрі ұтымды

алдын алудың негізгі бағыттарын айқындайтын халықаралық құжаттар елеулі әсер етті. Олардың ішінде Қазақстан 2008 жылы ратификациялаған Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясы ерекше орын алады.

Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" Заңында сыбайлас жемқорлыққа келесідей ұғым берілген: Мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың, сондай-ақ, соларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттілігін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып, не мүліктік пайда алу үшін олардың өз өкілеттіктерін өзгеше пайдалануы, жеке өзі немесе делдалдар арқылы заңда көзделмеген мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алуы, сол сияқты бұл адамдарға жеке және заңды тұлғалардың аталған игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы беруі арқылы оларды сатып алуы сыбайлас жемқорлық деп ұғынылады.

Отандық сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың өзегін, әрине, осы құбылыспен күрестің құқықтық негізін қалайтын арнайы заң құрайды. Қазақстан посткеңестік кеңістікте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін арнайы заң қабылдаған алғашқы мемлекеттердің бірі болып табылады. Тәуелсіздік кезеңі ішінде біздің елде осындай екі заң қабылданды: 1998 жылғы 2 шілдедегі "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" ҚР Заңы; 2015 жылғы 18 қарашадағы "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" ҚР Заңы. Аталған қос Заңның алғашқысы сыбайлас жемқорлықтың салдарымен күреске екпін салса, екіншісі - сыбайлас жемқорлықтың себептерін бейтараптандыруды бірінші кезекке қояды. Мысалы, жаңа Заң сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды "сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарларын жою жөніндегі қызмет" деп анықтайды.

2015 жылғы 18 қарашадағы "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" ҚР Заңының 1-баб. 6-тармағындағы заңнамалық анықтаманы басшылыққа ала отырып, сыбайлас жемқорлықтың міндетті белгілері ретінде мыналарды атауға болады:

1) арнайы субъект - жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдар, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдар, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар, лауазымды адамдар;

2) әрекеттің субъектінің қызметтік жағдайымен байланысты болуы - өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалануы;

3) арнайы мақсат - жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен



артықшылықтар алу немесе табу, игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы параға сатып алу.

Сыбайлас жемқорлықпен күрестің құқықтық тетіктерінің ішінде қылмыстық заңнаманың алатын орны ерекше. Қылмыстық жауаптылық сыбайлас жемқорлық көріністеріне тосқауыл қою әлеуетіне ие ең қатал құрал болып табылады. Соңғы 10-15 жыл көлеміндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы отандық қылмыстық заңнаманың жай-күйі мен даму үрдістерін талдау көрсеткендей, Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың оңтайлы амалдарын іздеу келесідей бағыттарда жүзеге асырылып келеді:

1. Сыбайлас жемқорлық субъектілерінің аясын кеңейту. Бұл бағытты жүзеге асыруда 2003 жылғы 25 қыркүйекте қабылданған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" ҚР Заңы асулы кезең болды: егер бұған дейін сыбайлас жемқорлық қылмыстардың субъектісі ретінде тек қана лауазымды адамдар танылып келсе, бұдан соң сыбайлас жемқорлық қылмыстардың субъектісі деп мемлекеттік қызметтер атқаруға уәкілетті адамдар мен оларға теңестірілген адамдар саналатын болды. Бұдан кейінгі кезеңде сыбайлас жемқорлық субъектілерінің аясын кеңейту мемлекеттік қызметтер атқаруға уәкілетті адамдарға теңестірілген адамдар санатын толықтыру есебінен жүзеге асырылды. 2012 жылғы 2 ақпандағы ҚР Заңымен сыбайлас жемқорлық субъектісі басқару функциясын атқаратын ұйымдардың жарғылық капиталындағы мемлекеттің ең кем үлесі отыз бес пайыздан елу пайызға көтерілгенімен, осындай ұйымдардың қатарына акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың, ұлттық даму институттарының, олардың дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы өздеріне тиесілі еншілес ұйымдарының, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы көрсетілген еншілес ұйымдарға тиесілі заңды тұлғалардың қосылуы сыбайлас жемқорлық субъектілерінің аясын кеңейту үрдісінен ауытқымайды.

2014 жылғы ҚР Қылмыстық кодексі сыбайлас жемқорлық қылмыстардың субъектісін реттеуде жаңалық әкелген жоқ. Дегенмен, отандық қылмыстық- құқықтық әдебиетте сыбайлас жемқорлық қылмыстардың субъектілерінің қатарын жеке лауазымды адамдармен толықтыру қажеттігі туралы ұсыныстар айтылып жүр. Әлемдік тәжірибеде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың субъектілері б олып тек қана мемлекеттік лауазымды адамдар ғана емес, сондай-ақ жеке қызметкер ретінде өзіне жүктелген міндеттерді өз мүддесіне пайдаланған жеке лауазымды адамдар да танылады.

Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясында квазимемлекеттік және жеке сектордағы сыбайлас жемқорлық көріністерімен күрес мәселесінің көтерілуі бұдан кейінгі кезеңде де ұлттық сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама

сыбайлас жемқорлық субъектілерінің аясын кеңейту бағытында дамиды деген болжам жасауға негіз береді.

2. Жауаптылықты күшейту. Бұл бағыт, ең бірінші кезекте, сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы нормалардың санкциясында жазаны ауырлатудан көрініс береді. Осыған орай 2009 жылғы 7 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті одан әрі күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" ҚР Заңын еске алу орынды. Мысалы, осы Заңмен қызмет өкілеттігін теріс пайдаланудың негізгі құрамы үшін көзделген айыппұлдың жоғары мөлшері екі жүзден бір мың АЕК-ке дейін көтерілді, ал бас бостандығынан айыру жазасының ең жоғарғы мерзімі екі жылдан төрт жылға дейін көтерілді.

ҚР ҚК қарастырылып отырған үдеріс айыппұл түріндегі негізгі жаза мөлшерін көтеруден байқалады. Егер жалпы ереже бойынша қылмыс үшін тағайындалатын айыппұл бес жүзден он мың АЕК-ке дейін мөлшерді құрайтын болса, паракорлық қылмыстары үшін (ҚР ҚК 366-367 баптары) айыппұл мөлшері пара сомасына немесе құнына еселеп есептелетін болды (мысалы, пара алушыға тағайындалатын айыппұл мөлшері параның елу (алпыс, жетпіс, сексен) еселенген сомасына тең).

Үстірт қарағанда, жаңа заңнамада паракорлық қылмыстарының сараланған құрамдарында бас бостандығынан айыру жазасына балама ретінде айыппұл жазасының көзделуін сыбайлас жемқорлық үшін жауаптылықтың жеңілдетілуі деп бағалауға болады. Іс жүзінде пара сомасына тәуелді айыппұл мөлшерін енгізе отырып заңшығарушы сыбайлас жемқорларды айтарлықтай мүліктік шектеулерге ұшыратып, паракорлықпен күрестің тиімділігін арттыру мақсатын көздеп отыр.

Сонымен қатар 1997 жылғы ҚР Қылмыстық кодексінде заңшығарушы қылмыстық заңның Жалпы бөлімі нормаларының көмегімен жауаптылықты ауырлатудың түрлі тетіктеріне жүгініп келді:

- жалпы ереже бойынша мүлікті тәркілеу жазасының аясында сотталған адамның меншігі болып табылатын мүлік қана тәркіленуі тиіс болатын, алайда бұл жалпы ережеден ауытқу ретінде сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдардың меншігінен басқа, қылмыстық жолмен алынған не қылмыстық жолмен алынған қаражатқа сатып алынған, олар басқа адамдардың меншігіне беріп қойған мүлік те тәркілеуге жататын (51-бап);

- жалпы ереже бойынша белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру жазасы негізгі жаза ретінде бір жылдан бес жылға дейінгі мерзімге, қосымша жаза ретінде алты айдан үш жылға дейінгі мерзімге тағайындалатын болса, ал сыбайлас жемқорлық қылмыстар үшін негізгі жаза ретінде үш жылдан он жылға дейінгі, қосымша жаза ретінде бір жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге тағайындалатын (41-бап).

2014 жылғы ҚР ҚК заңшығарушының аталған жаза түрлеріне қатынасы өзгерді. Сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы нормалардың санкциялары мүлікті тәркілеуді міндетті қосымша жаза ретінде

көздейді. Белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі қосымша жаза да сыбайлас жемқорлық қылмыстар үшін міндетті түрде тағайындалады және мемлекеттік қызметте, судья қызметін, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде және оның ведомстволарында, мемлекеттік ұйымдарда және жарғылық капиталында мемлекет үлесі елу пайыздан асатын ұйымдарда, оның ішінде акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтерде, ұлттық холдингтерде, ұлттық компанияларда, ұлттық даму институттарында, дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы өздеріне тиесілі олардың еншілес ұйымдарында, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы аталған еншілес ұйымдарға тиесілі заңды тұлғаларда лауазымдарды атқаруға өмір бойына тыйым салудан тұрады. Осылайша, сыбайлас жемқорлық қылмыс үшін сотталған адамдарға екі қосымша жаза қатар тағайындалады.

Үкім шығарғанда сот сыбайлас жемқорлық қылмыс үшін сотталып отырған адамды Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларынан, арнаулы, ?скери, құрметті немесе өзге де атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан айыру туралы мәселе көтеруге міндетті. Өзге жағдайларда заң аталған қосымша жазаны тағайындау- тағайындамау туралы мәселені шешуді соттың өз қарауына қалдырады.

Сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарға шартты түрде соттауды қолдануға заң жүзінде тыйым салынуы да жауаптылықты күшейту үрдісінің жаңа заңнамада өз жалғасын тапқанының айшықты көрінісі болып табылады.

Дегенмен, "сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тетіктерін қатайту өздігінен оның деңгейін төмендетудің тиімді құралы бола алмайтынын" есте ұстау қажет.

3. Сыбайлас жемқорлық қылмыстардың нақты тізімін айқындау. Бұл мәселеде Қазақстан сыбайлас жемқорлық қылмыстардың тізімін ведомстволық бұйрықтармен анықтау тәжірибесінен біртіндеп сыбайлас жемқорлық 15 қылмыстардың тұйықталған тізімін Қылмыстық кодексте бекіту тәжірибесіне келді.

Соған қарамастан, сыбайлас жемқорлық қылмыстардың тізімі октын-октын қайта қаралып отырады. Мысалы, 1997 жылғы ҚР Қылмыстық кодексі бастапқыда арнайы субъект қызмет бабын пайдаланып жасаған алаяқтықты сыбайлас жемқорлық қылмыстардың тізімінен алып тастады. Пара алу оқиғаларын негізсіз алаяқтық деп қайта саралау оқиғаларының белең алып кетуі заңшығарушыны алаяқтықты сыбайлас жемқорлық қылмыстар тізіміне "қайтаруға" мәжбүрледі. Сыбайлас жемқорлық қылмыстар тізімі 2011 жылғы ҚР Заңымен "Заңды кәсіпкерлік қызметке кедергі жасау", "Рейдерлік" қылмыстарымен, 2014 жылғы 17 қаңтардағы ҚР Заңымен "Қаржылық (инвестициялық) пирамиданы құру және (немесе) оның қызметіне басшылық жасау" құрамдарымен толықтырылды.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстардың тізімін кеңейту үрдісі 2014 жылғы ҚР Қылмыстық кодексінде

жалғасын тапты. Аталған тізімге "Іс жүзінде жұмыстар орындалмай, қызметтер көрсетілмей, тауарлар тиіп-жөнелтілмей шот-фактура жазу бойынша ?рекеттер жасау", "Заңсыз ойын бизнесін ұйымдастыру" құрамдары қосылды. ?рине, аталған қылмыстар арнайы субъект өз қызмет өкілеттіктерін пайдалана отырып жасаған жағдайларда ғана сыбайлас жемқорлық қылмысқа айналады.

4. Сыбайлас жемқорлықтың арнайы субъектілерінің түрін ескере отырып жауаптылықты жіктеу (дифференциация). Бұл бағыттың негізінде келесідей пайымдау жатыр: адамның атқаратын лауазымы неғұрлым жоғары болса, атқаратын лауазымына орай берілген өкілеттіктер аясы неғұрлым ауқымды болса, осы өкілеттіктерді теріс пайдаланған жағдайда оның жауаптылығы соғұрлым қатал болуы керек.

"Лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану", "Кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу", "Заңды кәсіпкерлік қызметке кедергі жасау", "Қызметтік жалғандық жасау", "Қызметтегі әрекетсіздік" үшін жауаптылық көздейтін баптарда осы қылмыстарды лауазымды адамның немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамның жасауы сәйкесінше ауырлатушы және ерекше ауырлатушы мән-жай ретінде ескерілген.

2014 жылғы ҚР Қылмыстық кодексінде аталған үрдіс сақталып қалды. Алайда, пара алу құрамында заңшығарушы пара алушылардың жауаптылығын олардың атқаратын лауазымына қарай жіктемейді. Түрлі деңгейдегі мемлекеттік қызметшілердің жауаптылығын осылайша "теңестірудің" себебін біз жоғарыда айттық - паракорлардың жауаптылығын жіктеу құралы ретінде заңда пара мөлшері ескерілген.

Арнайы субъектінің түрі жауаптылықты жіктеу құралы болып табылатын жағдайда сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы тиімді жүзеге асырудың маңызды алғышарттарының бірі - сыбайлас жемқорлық қылмыстардың субъектілерінің белгісін дұрыс анықтау болып табылады. Құқыққолдану тәжірибесін талдау көрсеткеніндей, қарастырылып отырған қылмыстардың субъектісін анықтаудың бірыңғай ұстанымдары жоқ. Оның себебтерінің бірі - 16 заңнаманың өзінде де сыбайлас жемқорлық қылмыс субъектілерінің жекелеген санаттарының арасында айқын жік жүргізілмеуінде.

2014 жылғы ҚР ҚК 3-баб. 27) тармағындағы мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның аталған кемшіліктерден ада анықтамасы сыбайлас жемқорлардың жауаптылығын олардың мемлекеттік қызметте атқаратын міндеттерінің маңыздылығына қарай жіктеу идеясының толыққанды жүзеге асырылуына септігін тигізеді деген үміттеміз.

Тек қана қылмыстық-құқықтық амалдарға арқа сүйей отырып сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте оң жетістіктерге жету мүмкін емес, бұл мәселеде қылмыстық заңнаманың мүмкіндіктерін асыра бағалауға болмайды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатта сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын сақтауға бағытталған құқықтық мәдениетті қалыптастыруға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүріс-тұрыс үлгілерін насихаттауға және

қоғамда сыбайлас жемқорлық көріністерін жеке деңгейде қабылдамау ахуалын жасауға ерекше мән берілуі керек.

Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын айқындайтын бағдарламалық құжатта осы келеңсіз құбылыспен күресте мемлекет пен қоғамның күш-жігерін біріктіру, азаматтық қоғам институттарының ролін арттыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар кешеніне жұртшылықты кеңінен тарту қажеттігі туралы айтылуы кездейсоқ емес. Әлем деңгейінде өзінің тиімділігін дәлелдеген осындай тетіктердің бірі - сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлайтын азаматтарды материалдық көтермелеу. Қазақстанда сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске өзге де түрде жәрдемдескен адамдарды көтермелеу (біржолғы ақшалай сыйақы, грамотамен марапаттау немесе алғыс жариялау) ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы №1131 Қаулысымен бекітілген Қағидалар негізінде жүзеге асырылады. Жемқорлыққа қарсы күресте барлық адамдар заң мен сот алдында тең. Жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру, сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтың зиянды зардаптарын жою, олардың алдын-алу және барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз құзіреті шегінде күрес жүргізу, яғни жемқорлықпен күресу - жалпыға ортақ міндет. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы қылмыстық заңнамасын

жетілдіру бұл құбылыстың бүркемеленген жаңа нысандары мен технологияларына қарсы сенімді құқықтық тосқауыл қою бағытында өрбуі керек деп санаймыз.

Сыбайлас жемқорлыққа қатысты мәселе әрқашан Елбасының назарында. Елбасымыз Қазақстан халқына арнаған дәстүрлі Жолдауында "Сыбайлас жемқорлық қоғамға, мемлекеттің конституциялық негізіне қауіп төндіреді, сондықтан онымен күрес жүргізу - жалпы ұлттық міндет", - деген болатын.

#### **Әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығы. Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы: 2014 жылдың 26 желтоқсаны, №986 бекітілген.

2. Қазақстан Республикасы Заңы. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы: 2015 жылдың 18 қарашасы, №410-V қабылданған.

3. Уголовное законодательство зарубежных государств в борьбе с коррупцией / под ред. И.С. Власова. - М.: Эксмо, 2009. - 208 с.

4. Смағұлов А.А. Сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес проблемалары: оқу құралы. - Астана: "ArtPrint XXI" ЖШС баспасы, 2012. - 262 с.

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда өзге де жолмен жәрдемдесетін адамдарды көтермелеу қағидалары: 2015 жылғы 30 желтоқсаны, №1131 бекітілген.

**Ондас ОРЫНБАСАРОВ**, "Құқықтану" мамандығының магистранты, Қазтұтынуодағы Қарағанды Экономикалық Университеті, 100009, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қаласы, Академическая көшесі, 9.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМГЕ ҚАРСЫ КҮРЕС ЖҮРГІЗУ БАРЫСЫНДА ЖЕДЕЛ ІЗДЕСТІРУЛІК АЛДЫН АЛУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Берілген мақалада ҚР діни экстремизмге қарсы күрес жүргізу барысында кездесетін жедел іздестірулік алдын алудың тиімді жолдары қарастырылып ұсынылған. Діни терроризмді алдын алу шаралары көрсетілген.  
**Түйінді сөздер:** экстремизм, терроризм, дін, заң, заңнама.

**Ондас ОРЫНБАСАРОВ**, магистрант специальности "Юриспруденция" Карагандинский экономический университет Казпотребсоюза, 100009, Республика Казахстан, г.Караганда, ул. Академическая, 9.

## ЭФФЕКТИВНЫЕ ПУТИ ПРОТИВОДЕЙСТВИЯ ОПЕРАТИВНОГО ПОИСКА В ХОДЕ БОРЬБЫ С РЕЛИГИОЗНЫМ ЭКСТРЕМИЗМОМ

В данной статье рассматриваются эффективные пути противодействия оперативного поиска в ходе борьбы с религиозным экстремизмом. Показаны пути предупреждения религиозного экстремизма.  
**Ключевые слова:** экстремизм, терроризм, религия, закон, законодательство.

**Ondas ORYNBASSAROV**, master student of specialty "Law" Karaganda economic university of Kazpotrebsoyuz, 100009, Republic of Kazakhstan, Karaganda, Akademicheskaya St., 9.

## EFFECTIVE WAYS OF COUNTERACTION OF QUICK SEARCH DURING FIGHT AGAINST RELIGIOUS EXTREMISM

In this article is considered effective ways of counteraction of quick search during fight against religious extremism. Ways of prevention of religious extremism are shown.

**Keywords:** extremism, terrorism, religion, law, legislation..

Мемлекет тарапынан қабылданған Қазақстан Республикасының "Құқық бұзушылықты алдын алу туралы" Заңы діни экстремизм мен терроризмді алдын алудың негізін қалаушы ретінде көрініс тауып алдын алу шараларының маңыздылығы жоғары екендігін куәландырады.

Сондықтан, діни экстремизм мен терроризмді алдын алу үшін оның орын алуына себеп болатын шарттарды, себептерді, жүзеге асыруы мүмкін тұлғаларды болжау қажет етіледі. Жалпы, болжаудың өзі алдын алудың негізгі құрылымдық элементі болып саналады. Діни экстремизм мен терроризмнің орындалуын болжауда негізінен криминологиялық болжау тәсілін қолдану мақсатқа лайықты. Қазақстан Республикасы экстремизм мен терроризмге қарсы күрес бойынша заңнамаларды әрмен қарай жетілдіру саясатын ұстанады және осы бағыттағы қандай да болмасын халықаралық нормаларды қолдап оларды мойындайды. Әсіресе, Халықаралық терроризмге қарсы күрес туралы жалпыға ортақ конвенцияның қабылдануы маңызды қадам болды. Осының негізінде қазіргі таңда елімізде экстремизм мен терроризмге қарсы күрес бойынша бірнеше заңнамалар қолданыста, атап айтсақ: "Экстремизмге қарсы күрес туралы" Заң, "Терроризмге қарсы күрес туралы" Заң, "Терроризмді қаржыландыруға және заңсыз жолмен алынған ақшаларды заңдастыруға қарсы әрекет туралы" Заң және с.с.т.б.

Халықаралық нормаларға сәйкес экстремизм мен терроризмге қарсы күрестің мемлекеттік жүйесінің моделі мен тиісті қағидалары анықталды. Экстремистік пен террористік топтарға қатысканы үшін және ұйымдарға мүшелік еткені үшін, сонымен қатар осы тектес қылмыстарға қатысканы үшін жауаптылық күшейтілді. Сонымен қатар интернет желісі арқылы таралатын экстремистік және террористік бағыттағы құйтырқы әрекеттерді насихаттауға бөгет қоятын құралдар іске қосылды. Қазіргі халықаралық экстремизм және терроризммен күрес мемлекеттердің глобалдық деңгейде екі жақты өзара келісімдер арқылы жүргізуді талап етеді. Бұл орайда Қазақстан заман талабына сай бірқатар маңызды келісімдер жасасып тиімді нәтижелерге қол жеткізді.

Қазақстан осы салада БҰҰ, Еуропалық одақпен, Солтүстік атлантикалық келісімдік ұйымымен (НАТО), Шанхай ынтымақтастық ұйымымен, Ұжымдық қауіпсіздік туралы келісімдік ұйымымен белсенді өзара әрекеттестік етеді. Қазақстан БҰҰ-ң Қауіпсіздік Кеңесі Қарарының талаптарын бұлжытпай орындайды және орындалған жұмыстар туралы Ұлттық баяндамасын БҰҰ-на жыл сайын ұсынады.

Айтылғандарды негізге ала отырып, Ел басы Н.Ә.Назарбаевтың белгілеген әрі ұлттық заңнамамызға енгізілген міндеттері мен

концептуалды шешімдері экстремизм мен терроризмге қарсы күрестің әсерлі механизмдерін өңдеп шығаруға септігін тигізеді деп пайымдаймыз.

Терроризмге қарсы тікелей күрес жүргізетін субъектілердің өкілеттігі Қазақстан Республикасының "Терроризмге қарсы іс- қимыл туралы" Заңында көрсетілген. Аталмыш заң діни экстремизм мен терроризмге қарсы күрес жүргізудің жалпы ережелерін, негіздерін, мақсаты мен тәртібін анықтайды. Осы заңға сәйкес, терроризмге қарсы іс- қимыл - мемлекеттік органдардың және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының:

А. терроризм профилактикасы;

В. террористік іс-әрекетті анықтау, оның жолын кесу, террористік қылмыстарды ашу және тергеу;

С. шұғыл медициналық көмек көрсету, медициналық-психологиялық сүйемелдеу, авариялық-құтқару және өртке қарсы іс-шаралар өткізу, террористік әсер етуге ұшыраған объектілердің қалыпты жұмыс істеуін және экологиялық қауіпсіздігін қалпына келтіру, терроризм актісінің салдарынан жәбірленуші адамдарды және оның жолын кесуге қатысқан адамдарды әлеуметтік оналту, терроризм актісінің салдарынан жәбірленуші адамдарға моральдық және материалдық зиянды өтеу жолымен терроризм салдарларын барынша азайту және (немесе) жою жөніндегі қызметі.

Осы көрсетілгендердің ішінен "терроризм профилактикасы" ұғымы бізді едәуір қызықтырады. Яғни, Заңға сәйкес терроризм профилактикасын жүзеге асыратын субъектілер - барлық мемлекеттік органдар және жергілікті өзін-өзі басқару органдары. Әрбір орган өз құзыреті шегінде терроризм профилактикасымен айналысады. Ал, көрсетілген Заңның 5-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары өз құзыреті шегінде терроризмге қарсы іс-қимылды өзара әрекеттесу арқылы жүзеге асыруда келесі әрекеттерді орындайды:

1) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың мүмкіндіктерін, сондай-ақ азаматтардың көмегін пайдалана отырып, бір-бірімен өзара іс-қимыл жасайды;

2) террористік іс-әрекетке жататын және осы мемлекеттік органдардың құзыретіне енгізілген әрекеттердің дайындалу фактілері мен белгілері туралы хабардар етеді және өзара қажетті көмек көрсетеді;

3) терроризмге қарсы бірлескен операцияларды жүргізеді.

Осылайша Қазақстан Республикасының "Терроризмге қарсы іс- қимыл туралы" Заңы терроризмге қарсы күресте мемлекеттік органдардың өзара әрекеттесу барысындағы құзыретін анықтайды. Әрине көрсетілген құзыреттерге сәйкес басқа да мемлекеттік органдарының терроризммен күресте жасауға тиіс ауқымды жұмыстарын байқауға болады. Осылайша барлық органдардың бірлескен әрі өзара ұштасқан күшімен ғана үлкен қарқынмен дамып келе жатқан экстремизм мен терроризмге қандай да бір бөгет жасауға болады. Терроризм әлсіздердің қаруы деп бекер айтылмаған. Онымен күресте барлық

амалдар мен тәсілдер кәдеге жарары сөзсіз. Діни көзқарасты ұстанушы экстремистер де өздерінің мақсаттарына жетудің басты мүмкіндігі деп терроризмді түсінген. Сол себептен экстремистер өздерінің мақсаттарына жетудің басты құралы ретінде терроризмді қолдана бастады. Діни көз қарасты ұстанушы экстремистердің басты мақсаты - мемлекетте шариғат заңын орнату және Конституция мен басқа да заңдарды толығымен жою.

Сондықтан, пайымдауымызша жоғарыда көрсетілген мемлекеттік органдардың терроризмге қарсы күрестегі құзыретін одан әрі кеңейткен дұрыс деп есептейміз. Мысалы:

А. мемлекет пен қоғам мүдделеріне және адамның өмірі мен денсаулығына қауіп келтіруі мүмкін тұлғалар мен заттарға міндетті түрде назар аудару немесе қызығушылық таныту және олар бойынша құзырлы органдарға хабарлау;

В. бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде терроризмді насихаттау және террористік актілерге қандай да болмасын нысандарда қатысуға үгіттеу фактілеріне бұлжытпай қарсы іс-қимыл жасау;

С. қоғамдық және қоғамдық емес орындарда адам мен азаматтардың терроризмді қолдайтын және ақтайтын іс әрекеттері мен сөздеріне міндетті түрде қарсы тұру, тиісті әсер ету шараларын қолдану.

Әрине, бұл көрсетілгендер мемлекеттік органдардың діни экстремизм мен терроризмді алдын алу шараларының мазмұнын ашпайды. Өйткені, діни экстремизм мен терроризмді алдын алу шараларын жүргізуге құзыреті бар мемлекеттік органдар жүзеге асырады. Олар:

А. Ішкі істер органдары;

В. Ұлттық қауіпсіздік органдары;

С. Сыртқы барлау саласындағы өкілетті орган;

Д. Қорғаныс министрлігінің әскери барлау органдары;

Е. Жемқорлыққа қарсы күрес қызметі;

Ғ. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік құзет қызметі;

Г. Экономикалық тергеу қызметі.

